кейіпкердің өткен өмір жолдарын ой көзімен шолып, қорыту арқылы түйінделген.

Сайын Мұратбековтің “Менің қарындасым” атты әңгімесі де аға мен қарындастың арасындағы сүйіспеншілік жайында жазылған. Алайда, мұнда ағасы қарындасының бойжеткендігі мен алғашқы махаббатына түсінушілікпен қарайды:

“–Апа, апатай, керегі жоқ, ештеңе айтпаңызшы. Сіз қалай десеңіз де бәрібір, мен оған сенемін... –деді апамның құлағына жалынышты сыбырлап.

Қарындасымның сол баяғы ерке қалпына байсалдық еніп, сұлулығына басқаша бір жарастық беріп тұр. Тек көзінде ғана жан білмес терең сыр бар тәрізді. “Алғашқы махаббатың сәтті болсын, қарындасым”, –деймін мен іштей” (Мұратбеков, 2005).

Т. Әбдіков өз шығармаларында ұлттық мүддені жоғары қояды. Адамның парасаты жазушы үшін алдына қойған үлкен мақсат сияқты. Халықтың жаны мен арманы әңгімедегі бас кейіпкерлердің атынан шебер беріледі. Өз дәуірінің жастары алдындағы мәселені қозғай отыра автор жас жігіт пен қыздар бейнесі арқылы әр адамды қоғам мен өмірдегі өз орнын тауып, адамгершілік қасиетті жоғары ұстауға шақырады. Парыз бен мансап, ар мен ұят, еңбексүйгіштік пен арамтамақтық арасындағы арпалыста бірінші қасиеттің жеңіп шығуы – қаламгердің негізгі тақырыбы.

Талқылау

Репродуктивтік әдістер – тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін студенттерге сапалы оқытудың тиімді әдістерінің бірі болмақ. Негізінде, әдебиет лекцияларында репродуктивтік әдіс үлкен орын алады. Өйткені дайын көркем шығарма мәтінін оқу, түрлі талдаулар жасап, тапсырмалар орындау жұмыстары репродуктивтік әдіс арқылы жүзеге асырылады.

Прозалық шығарманың, поэзиялық туындының, драмалық шығарманың эпизодтарын немесе белгілі бір кейіпкердің сөзін талдата отырып, мұғалім көркем талдау жүйесін меңгертеді. Сол арқылы студентті өз бетімен

талдауға машықтандыра алады. Репродуктивтік әдістің тиімді болып табылатын құраушы элементтер: баяндау, әңгімелеу, мазмұндау, шолу дәрістері, көркем шығарма мәтіні, әдеби шығарманың түпнұсқасы, сұрақтар тізбесі, викториналар т.б.

Репродуктивті әдісті қолдану мақсатында жазушының алғашқы повестерінің бірі “Күзгі жапырақтар” повесін талдауға болады. Бұл ел аузында көп айтылмайтын шығарма болғандықтан, студенттер өз беттерімен ізденіп, қаламгердің аса танымал емес шығармаларын оқып, талдап келеді.

Бұл әңгімеде 60-70 жылдардағы қазақ жастарының өмірін, сол дәуірдегі студенттердің ой-санасын көрсетеді. Жазушы Байтастың нәзік те пәк, жауапсыз махаббатын суреттей отырып, өмірдің құндылығын көрсетуге тырысады. Оның түсінігінше: “Адамдар өсімдік секілді, сабағында піскен дән толысып жетілгеннен кейін, қауызынан бөлініп жерге түсіп, одан жел айдап ұзақ қаңғып, бұйырған бір тұсқа табан тіреп, ақыры тамыр жайып өсіп-өркендей бастайды. Дала кезіп жүрген дән де шындық іздеп жүрген жан секілді. Нәр беретін жер іздеп қаңғи бермек. Егер тамыр жайып көктей бастаса, онда бұрынғы биік мақсат ұмытылып, тұрған жері көп саз, құнарсыз топырақ болса да, қанағат қылғандай алаңсыз өсіп өркендей береді. Тамыр жайған соң ажырау мүмкін емес” (Әбдікұлы, 1972). Бұл – Байтастың ішкі монологы, ішкі толғанысы.

Қаламгер Т. Әбдіковтің қаһармандары да “Егер он сегіз мың ғаламның ішіндегі ең күшті, ең құдіретті әрі ең жұмбақ, ең күрделі жаратынды – Адам болса, оның өмір сүрудегі мақсаты не? Оның өмірінің мазмұны, мән-маңызы не?” деген философиялық сұрақтарға жауап іздейді. Оның қаламынан туған шығармалардың ең басты түйіні де, әлеуметтік шиеленістері де осы сауалдардан туындайды.

Қорытынды

Егер біз келешегіміз үшін ұлт психологиясын, жоғары талғамды көркемдікті, шынайы тарихты түсінетін ұрпақ өсіріп, жадымыздан шыққан ұлттық намысты оятудан

үмітіміз болса, Төлен Әбдіковтің шығармаларын қазақ жастарының бойына сіңіре білуіміз керек.

С. Әшімбаев жазушының шығармашылық сипатына былай деп баға береді: “...рухани прогреске үлес қосуда... жазушы интеллектінің атқарар қызметі айрықша. Себебі, ойшыл, парасатты, философ жазушы ғана уақыт рухына сай, дәуір қажеттілігіне орай, замандастар көкейіндегі жүздеген жұмбақ та салиқалы сауалдарға жауап берерлік адам сезіміне өзгеріс енгізетін, ойына ой қосып тұлғаландыратын, қысқасы, рухани өсіп, түлеуіне немесе кім үшін, не үшін және қалай дұрыс өмір сүруіне “сиқыр сөз” – әдебиет құдіретімен көмектесе алатын көркем шығарма жаза алады!” (Әшімбаев, 1982).

Жазушы Т. Әбдіковтің шығармашылық ерекшелігі – қазақ прозасына батыстық үлгідегі, модернистік бағыттағы шығармаларды дүниеге алып келуінде, және де шығармаларында қоғамның негізгі шиеленісті мәселелерді бере білуінде. Әрі оның тиімді әрі ыңғайлы үйрету, оқыту әдістерін меңгерген педагог шығармаларды студенттерге оқытуда қиындыққа тап болмасы анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- ӘБДІКОВ, Т. (1971). *Күзгі жапырақтар*, Алматы: Жазушы
- ӘБДІКҰЛЫ, Т. Әке. (2005). Алматы: Қайнар.
- ӘШІМБАЕВ, С. (1982). *Талантқа тағзым*, Алматы: Жазушы
- БІТІБАЕВА, Қ. (1997). *Әдебиетті Оқыту Әдістемесі*, Алматы: Атамұра.
- Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. (2005). Алматы: Ата-мұра.
- МАЙТАНОВ, Б. (1982). *Қазақ прозасындағы замандас бейнесі*, Алматы.
- МҰРАТБЕКОВ, С. (2005). *Екі томдық шығармалар жинағы*, Алматы.
- ХАМЗИНА, Қ. М. (2004). *Қазақ повестеріндегі көркем уақыт және кеңістік (XX ғ. 70-80жж)*, Алматы: Филол. ғыл. канд. автореф.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНДЕГІ ПАТРИОТИЗМ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Түйіндеме

Мақалада Қазақстан армиясындағы әскери-патриоттық тәрбие беру мәселелері зерттелген, патриоттық сананы қалыптастыру проблемалары анықталған. Мемлекет әскерінің жағдайы тек елдің қорғанысына ғана емес, сонымен қатар қоғамның бірқатар маңызды әлеуметтік институттарына да әсер ететіндігі көрсетілген. Әскери борыш Отан қауіпсіздігін қорғауда жеке жауапкершілікті терең түсінуді қажет етеді. Сондықтан Қазақстан Қарулы күштерінің дамуында әскери-патриоттық тәрбиені ғылыми тұрғыдан негіздеп, оны одан әрі жетілдіру және азаматтардың Отанды қорғауға моральдық-психологиялық дайындығын қалыптастыру өте маңызды. Азаматтық немқұрайлылық орнаған, бүгінгі күнде елдің қорғанысын қамтамасыз етудегі патриотизмнің мүмкіндіктері талданған.

Зерттеу жұмысының мақсаты – шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, әскери-патриоттық тәрбие беру проблемаларын анықтау және отандық тарих пен тарихи тұлғалар негізінде шешу жолдарын ұсыну. Мақалада жас сарбаздар

ULUSLARARASI
TÜRK DÜNYASI
ARAŞTIRMALARI
DERGİSİ
INTERNATIONAL
JOURNAL OF
TURKISH WORLD
STUDIES
CİLT 4 / SAYI 2 /
NİSAN 2021

**Sorumlu Yazar
Corresponding Author**

Райымбек
АҚТОЛҚЫН
Магистрант, Әл-
Фараби атындағы
ҚазҰУ, Қазақстан,
Алматы,
tolkyn130798@gmail.com

**Gönderim Tarihi
Received**

16.03.2021

**Kabul Tarihi
Accepted**

29.03.2021

Atıf
АҚТОЛҚЫН,
Райымбек (2021).
“Қазақстан
Республикасы Қарулы
Күштеріндегі
Патриотизм Және
Патриоттық Тәрбие
Бер Проблемалары
”, *Uluslararası Türk
Dünyası Araştırmaları
Dergisi*, (4/2), 47 - 62.

ARAŞTIRMA MAKALESİ
RESEARCH ARTICLE

арасында патриоттық сезімді дамыту бағыттары және оның мүмкіндіктері де баяндалған. Әскери-патриоттық тәрбие жүйесін жетілдірудің өзектілігі қоғамның әлеуметтік жаңару қажеттілігінен туындайды, оның маңызды аспектілерінің бірі жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру болып табылады. Әскери-патриоттық тәрбие болашақ мамандарда азаматтық позицияны, моральдық сенімділікті және патриотизмді қалыптастыруға бағытталған әскери дайындықтың маңызды құрамдас бөлігі болуы керек.

Кілт сөздер: Қарулы күштер, патриотизм, патриоттық тәрбие беру, әскери тәрбие, азаматтық борыш, әскери дайындық, азаматтық позиция, моральдық сенімділік.

PATRIOTISM AND PATRIOTIC EDUCATION IN THE ARMED FORCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article examines the issues of military-patriotic education in the army of Kazakhstan, identifies the problems of the formation of patriotic consciousness. It is shown that the state of the state army affects not only the country's defense capacity, but also a number of important social institutions of society. Military duty requires a deep understanding of the personal responsibility to protect national security. Therefore, in the development of the Armed Forces of Kazakhstan, it is very important to scientifically substantiate the military-patriotic education, its further improvement and the formation of the moral and psychological readiness of citizens to defend the Motherland. In the modern world of civil indifference, the author analyzes the possibilities of patriotism in ensuring the country's defense.

The purpose of the study is to identify the problems of military-patriotic education based on foreign experience and to propose ways to solve them based on national history and historical figures. The article also describes the directions and opportunities for the development of patriotic feelings in young soldiers. The urgency of improving the system of military-patriotic education is due to the need for social modernization of society, one of the most important aspects of which is the formation of a new Kazakhstani patriotism. Military-patriotic education should become an important component of military training aimed at developing civic position, moral trust and patriotism among future specialists.

Key words: Armed Forces, patriotism, patriotic education, military education, civic duty, military training, civic position, moral confidence.

Кіріспе

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасында болып жатқан түбегейлі әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрулар жас ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беру мәселелерін де қай қарауды талап етеді. Әрбір мемлекет, әрбір халық өзінің дамуы барысында үш негізгі мақсатқа жетуге тырысады, ол – қауіпсіздік, гүлдену және даму.

Алайда, бүгінгі күнгі шындық жастар арасында азаматтық немқұрайлылық пен мемлекетке деген тұтынушылық қатынас сынды жағымсыз тенденциялардың өсуін көрсетеді. Сонымен қатар, әскерге шақыру жасындағы жастардың едәуір бөлігі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарында қызмет етуге психикалық, физикалық және функционалдық дайындық талаптарына сәйкес келмейтіндігі анықталды.

Тарихи тәжірибелер әскери күш-қуат пен әскери дайындықсыз, өзінің Отанына деген адалдық пен жан қиярлық сезімсіз бейбітшілікті, халықаралық және аймақтық қауіпсіздікті, мемлекеттің аумақтық тұтастығы мен егемендігін қорғауды тиісті деңгейде қамтамасыз етуге қабілетті толыққанды мемлекет бола алмайтындығын дәлелдеп отыр.

Кез-келген мемлекеттің өмір сүруінің маңызды шарты – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қабілетті азаматтық қоғам. Сондықтан, жас ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беру, мемлекеттік саясаттың маңызды және басым бағыттарының бірі ретінде қазіргі кезде заманауи қоғам дамуының объективті қажеттілігі болып табылады.

Әскери-патриоттық тәрбие деп әскерге шақыру алдындағы және әскер қатарына шақырылатын жастардың қажеттіліктерін, жан-жақты дайындығын және Отанын қорғаудағы қасиетті борышын соңына дейін орындауға қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталған, арнайы

ұйымдастырылған, жан-жақты, педагогикалық басшылыққа алған оқу процесі болып табылады.

Әскери-патриоттық тәрбие патриоттық сезімдердің, идеялардың, сенімдердің, әскери дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың жиынтығын қамтиды. Бұл қоғам өмірінің барлық салаларына әсер ететін маңызды, тұрақты құндылықтардың бірі. Адамның ең маңызды рухани қасиеті ретінде ол азаматтық кемелденуді сипаттайды және Отан игілігі үшін белсенді қызмет етуден көрінеді.

Болашақ ұрпақ туралы айта отырып, Елбасы Н. Ә. Назарбаев жастар арасында патриоттық сезімнің төмендігіне, Отанға, адамдарға, жерге деген сүйіспеншілік рухында жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жеткіліксіздігіне алаңдаушылық білдірген болатын.

Әскери-патриоттық тәрбиенің проблемаларын көптеген қазақстандық ғалымдар зерттеді. Олардың ішінде ең маңыздысы – С. Т. Иманбаеваның патриоттық тәрбие теориясы мен практикасымен арналған диссертациясы. Автор мемлекетіміздің идеологиясы негізінде қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ерекше назар аударады. Автор пікірінше «әскери білім» деп сарбаздар, офицерлер арасында жоғары саяси сананы қалыптастыру, өз Отанына жанқиярлықпен берілгендік, міндеттерді адал орындау, адалдық пен қырағылық, ұрыс қимылдарына дайын болу, әскери қызметтегі табандылық пен батылдықты атады. Ал әскери-патриоттық білім беру Отанды қорғауға дайындықты және патриоттық сезімді қалыптастыратын білім беру саласы ретінде қарастырылады. «Әскери-патриоттық тәрбиенің нәтижесінде жастар Отанның арнамысы мен қадір-қасиетін, бостандығын, егемендігін қорғауды үйренеді, Қарулы Күштердің қаһармандық дәстүрлерін абыроймен алып жүреді» деген ой тұжырымдалған (Иманбаева, 1995: 24).

Ал бүгінгі күнде патриоттық сананы қалыптастыруда орын алған проблемаларды шешу мемлекет тарапынан жасалған арнайы бағдарламалар негізінде жүзеге асып отыр. Жастардың ел тағдыры үшін жауапкершілігін арттыруға жағдай жасау, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешуге

бағытталған жастар ұйымдарының деңгейін арттыру, азаматтық сезімдерін нығайту мақсатында 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында «2025 жылға дейінгі жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің бағдарламасы» қабылданды. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әзірлеген бұл бағдарлама екі кезеңде жүзеге асырылады: бірінші кезең – 2020-2022 жылдар, екінші кезең – 2023-2025 жылдар. Аталған бағдарламада жас сарбаздар арасында патриоттық сезімді дамытудың нақты бағыттары мен міндеттері қойылған және соңғы жылдары жинақталған білім, сондай-ақ жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің тәжірибесі мен дәстүрлері негізінде дайындалған (Программа военно-патриотического воспитания молодежи Республики Казахстан до 2025 г, 2019: 15-20).

Қазақстан Республикасы Қарулы күштеріндегі патриотизм мен патриоттық тәрбие беру проблемалары, ел тарихында батырлар тұлғасында көрініс тапқан қайсарлық, батырлық пен отансүйгіштіктің болуына қарамастан, бүгінгі күндегі әлемдік сұраныстарды қанағаттандыру үшін объективті баға беруді қажет етеді. Патриоттық тәрбие беруде туындаған проблемаларды нақты анықтау оны шешу жолдарының да тиімді болуына ықпал жасайды. Шетелдік тәжірибемен салыстыра отырып, кем тұстарын түгелдеу де орын алған проблемаларды шешу жолдарының дұрыстығына көмектеседі.

Потенциалды Отан қорғаушылардың моральдық-психологиялық дайындығын қалыптастыруда әскери-патриоттық тәрбиенің маңызы айтарлықтай жоғары. Әскери жауынгерлерді патриоттық тәрбиелеудің мақсаты – елдің қорғанысын қамтамасыз ететін жастар бойында азаматтық сана мен патриоттық сезімді дамыту. Осы мақсатқа жету үшін келесі негізгі міндеттер қажет: жастарға тиімді әскери-патриоттық тәрбие беру үшін ғылыми негізделген басқарушылық және ұйымдастырушылық іс-шаралар жүргізу; жастардың санасы мен сезіміндегі патриоттық құндылықтарды, көзқарастар мен сенімдерді қалыптастыру; жастардың Отанға деген адалдығын, қоғамға және мемлекетке лайықты қызмет етуге дайын болуды, қызметтік және қызметтік міндеттерді адал орындауға әзірліктің

оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ететін әскери-патриоттық тәрбиенің жаңа тиімді жүйесін құру: жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің, оның ішінде интегралдық жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін механизм құру (Рыспаева, 2018: 85-88).

«Патриотизм» ұғымы қоғамның көптеген әлеуметтік салаларында тұрақты ұғымды білдірмейді. Ол әлеуметтік шындықтың өзгеруіне байланысты үнемі тарихи өзгеру, даму күйінде болады. Қазіргі жаһандану кезеңінде «патриотизм» сөзі үлкен әлеуметтік маңызға ие бола отырып, бірқатар проблемалардың бастауына айналып отыр.

Бүгінде Қазақстан Global Fire Power рейтингінде қуатты әскери әлеуетке ие, әлемде әскери қуаты бойынша 63-орында тұр және әскери қызметкерлердің жалпы саны 132 мың адамды құрайды. Алайда, бұл 2019 жылғы рейтингке қарағанда төмен (Global firepower-2020). Бұл Қазақстан Қарулы күштеріндегі әскери қызметкерлердің жеткіліксіздігімен де тығыз байланысты. Қарулы күштер құрамында әскер санына байланысты мәселелер тікелей жастар арасындағы патриотизм ұғымымен ұштасып жатыр. Қазақстан Қарулы күштеріндегі патриотизмнің бүгінгі күнде бірнеше проблемалары кездесіп отыр.

Жаһандану, мәдениеттер интеграциясы. Өзінің барлық жағымды салдарына қарамастан, экономикалардың интеграциясы және көші-қон процестерінің күшеюімен ғана емес, сонымен қатар кең мәдени интерпретациямен сипатталатын жалпы жаһандану әлеуметтік қатынастардың рационализациясына, рухани құндылықтардың құнсыздануына, ғасырлар бойғы мәдени дәстүрлердің ұмытылуына, халықтардың мәдени бірегейлігінің өзгеруіне, тіпті жоғалуына алып келеді. Ал бұл өз кезегінде азаматтық бірегейлік дағдарысының, өзін әлем азаматы ретінде сезінуінің, Отан, патриотизм ұғымдарының ескіруінің негізгі себебі болып отыр (Прокофьева, Молбасынова, 2015: 1030).

Мұндай көзқарастар жастардың бір жағынан, ашық қоғамда өмір сүріп жатқан, түрлі ақпараттық ресурстарға іс жүзінде шексіз қол жеткізе алатындығымен сипатталса,

екінші жағынан, өздерінің әлеуметтік жетілмегендігіне байланысты алынған ақпаратты әрқашан сыни тұрғыдан өңдей алмайтындығымен түсіндіріледі.

Осылайша, қазіргі кезде азаматтық сана көптеген мемлекеттер алдында үлкен проблема болып отыр, ал біздің республикамыз жаһандық әлемнің бөлігі бола отырып, бұл проблемадан тыс қалмаған.

Елдің қорғанысын қамтамасыз ету мақсатында патриоттық санының қалыптасуының негізгі өзегі – ұлттық бірегейлікті сақтау, тарихи процестер негізінде тәрбиелеу. Шынында да, Қазақстанның әскери-тарихи өткені туралы объективті бейнені қайта құру – бұл халықтың тарихи жадыны жаңғыртудың негізі, қазақстандық ұлттық бірегейлік пен ұлт бірлігін қалыптастырудың маңызды факторларының бірі. Ол патриотизмді және Отанның ерлікке толы өткен күніне мақтаныш сезімін қалыптастыруға, оны қорғауға дайын болуды тәрбиелейді. Біздің халқымыздың үздік дәстүрлері мен жинақталған тарихи тәжірибесі одан әрі табысқа жетудің маңызды бағыттарының алғышарттары болуға тиіс (Менлибаев, 1995: 19).

Тарихымызға көз жүгіртсек, қазақ халқының жауынгерлік дәстүрі бірнеше компоненттерден тұрады: қазақ халқының әскери істері, батырлар институты, ұлттық жауынгерлік-спорттық ойындар, ауыз әдебиеті.

Әскери өнер Қазақстан аймағындағы ежелгі және ортағасырлық көшпелілер тарихында маңызы зор болды. Көшпенділер өміріндегі жауынгерлік тәжірибе ежелгі және орта ғасырлардағы көшпелілердің материалдық және рухани мәдениетінің элементтерінде жеткілікті түрде көрініс тапты. Қазақ халқының әскери тәжірибесі елдің генетикалық кодына тән ұлттық-мәдени мұра бола отырып, жеке тұлғаның тарихи жадын, патриоттық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Халқымыздың ұлттық әскери өнері қару-жарақтар кешенінен (бес қару), дәстүрлі әскери өнерді ұйымдастырудан («Аттан» ұраны), әскери тактикадан (кенеттен және жылдам шабуылдар) тұрады.

Батырлар институтының қаһармандық мәні, ең алдымен, оның функционалдық сипатымен – руды, атын,

халқын қорғау, зұлымдық күштерін жену, әділеттілікті қалпына келтіру арқылы анықталады. «Батыр» сөзі «күрескер», «күшті», «батыр», «қорықпас», «батыл» дегенді білдіреді. Батырство көшпелі қоғамдағы әскери-саяси институт ретінде әскери ұйымда жетекші рөл атқарды. Эпикалық шығармалардың батырлары (Алпамыс, Қобыланды), ұлт-азаттық соғыстардың батырлары (Исатай, Махамбет, Кенесары), Ұлы Отан соғысы батырлары (Б.Момышұлы, М.Мәметова, Т.Бигелдинов) тұлғасында тәрбиелеу ұлттық бірегейлігімізді сақтай отырып, патриоттық сананы қалыптастыруға айтарлықтай ықпал етеді (Аманжолов, 1999: 17).

Ұлттық әскери спорт ойындары физикалық, адамгершілік және ерік қасиеттерін дамытуға ықпал ететін қазақтың халықтық әскери спорттық ойындарының тәрбиелік мүмкіндіктерін сипаттағанда біз мыналарды қарастырамыз: көкпар, аударыспақ, теңге алу, белбеу тастау, жамбы ату, аламан бәйге, қазақша күрес. Әскери спорт ойындарының өзіне тән белгілері мен ерекшеліктері бар. Бұл ерлік пен жауынгерлік элементтерінің, айқын әскери-қолданбалы бағдардың болуы. Жекпе-жек элементтері бар ойындарда күш, ептілік, төзімділік дамиды. Сондықтан, көпфункционалдылық – бұл қазақ халқының әскери дәстүрлеріне тән қасиет болып табылады (Сочин, Прокофьева, Куракбаева, 2012: 309-312).

Ауыз әдебиеті – бұл батырлар жырынан, мақал-мәтелдерден көрініс табады. «Алпамыс батыр», «Қобыланды», «Ер Тарғын» батырлық дастандары, «Қырық батыр», «Кеген батыр» аңыздары жауынгерлікті, батырлықты бейнелейді, туған жерін қорғаған адамдардың ерлігі, олардың ойлары мен тілектері, ұлттық бірлік пен аумақтық тұтастық үшін ғасырлар бойғы күресі туралы көркем түрде баяндайды. Әскери ерлікті, Отанға деген адалдықты, сүйіспеншілікті дамытуда ұлтымыздың мақал-мәтелдерінің де орны жоғару. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі» сынды мақал-мәтелдер ұлт батырларының Отан қорғаудағы рөлін көрсетеді (Сочин, 2009).

Қазақстан Республикасының бірінші қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры, Халық Каһарманы, генерал С.К. Нұрмағамбетов әрдайым патриоттық тәрбиенің озық дәстүрлерін қайта жаңғырту керектігін, алайда патриоттық сананы қалыптастыруда ұлт болмысын, өткен тарих беттерін ұмытпау қажеттігін ескертіп отырады. Өзінің естеліктерінде Сағадат Қожахметұлы «Қазақстанның Қарулы Күштерінде даңқты жауынгерлік дәстүрлер қалыптасты, өйткені олар өз Отанын қорғауда өте үлкен тәжірибені бастан өткізді. Әскери дайындық кезінде офицерлер сарбаздарға республиканың барлық әлеуметтік, мәдени және әскери мұраларының барлық элементтерін, мінез-құлық нормаларын, жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарды, идеяларды, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді үйретуі керек. Басқаша айтқанда, командалық құрам қазақстандық сарбаздардың отансүйгіштік, жоғары моральдық-психологиялық қасиеттерімен ерекшеленуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасауы керек. Өткен соғыс ардагерлері, армия мен флот ардагерлері, мәдениет және өнер қызметкерлері әскери қызметшілерді тәрбиелеуге белсенді қатысуы керек» - деген болатын (Нурмағамбетов, 1999-82).

Көріп отырғанымыздай, өз Отанының болашағы үшін жауапкершілік және оны кез-келген сәтте қорғауға дайын болу әскери қызметшілерде жоғары моральдық-адамгершілік, саяси және психологиялық қасиеттерді қалыптастыруды талап етеді, олардың арасында тарихи сана негізінде қалыптасқан патриотизм негізгі орынды иеленуі керек.

Әскери қызметкерлер беделінің төмендігі. Барлық уақытта Отанды қорғау ең жоғары азаматтық ерлік болып саналды. Қазақстан Республикасының азаматтарының көпшілігі әскери мамандыққа құрметпен қарайды, алайда әскери қызмет жолын көп жағдайда таңдай бермейді. Жауынгер жақсы физикалық төзімділіктен өзге бірқатар психологиялық, моральдық және адамгершілік қасиеттерге ие болуы керек. Ал әскери этикаға сәйкес әскери қызметшінің барлық әрекеттері Отан мүдделерінің талаптарына сәйкес келуі керек.

Әскери қызмет өкілдері үшін қолданыстағы әлеуметтік жеңілдіктерге қарамастан (ұзақ уақыттағы демалыс, ерте зейнеткерлікке шығу, баспана, мемлекеттік қаржылай көмектер), қазіргі кезде әскери мамандық еңбек нарығында орташа сұранысқа ие.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім беру бағдарламалары, оның ішінде патриоттық тәрбие, біріншіден, жүйелік сипатта болған жағдайда ғана, екіншіден, нақты мотивациялық негіздемеге ие болған кезде ғана қажетті оң нәтиже береді. Біздің бұл жағдай туралы хабардар болуымыз патриоттық тәрбиені ұйымдастырудың жаңа тәсілдері мен қағидаларын іздеуге, ең алдымен, тәрбие жұмысына қажетті күрделілік пен жүйелілік беретін идеяны іздеу мен негіздеуге түрткі болды.

Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның Қарулы Күштері мен Ішкі істер министрлігінің әскерлерін модернизациялау азаматтар, ең алдымен жастар арасында мақсатты, ұзақ мерзімді патриоттық жұмыстарсыз мүмкін емес екендігі белгілі.

Әскери қызметкерлерге әскери-патриоттық тәрбие беру және моральдық-психологиялық қолдау жүйесі жеке құрамда қажетті моральдық-жауынгерлік қасиеттерді қалыптастыруға, ұрыста өзін-өзі ұстауға жоғары моральдық ынталандыруға, дайындық пен ұрыс қимылдары кезінде жүктелген міндеттерді ойдағыдай орындауға қабілеттілікті қалыптастырады, құрамалар жеке құрамының жоғары жауынгерлік белсенділігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді (Прокофьева, Молбасынова, 2015: 1033).

Соңғы оқиғалар меншік формаларының өзгеруіне себеп болған қоғамның өзгеруі және ел халқының әлеуметтік стратификациясы, рухани құндылықтардың құнсыздануы ел тұрғындарының көпшілігінің қоғамдық санасына кері әсерін тигізгендігін, қазақ мәдениетінің, өнері мен білімінің патриотизмді қалыптастырудың маңызды факторлары ретіндегі тәрбиелік ықпалын күрт төмендеткенін растады. Топтық, жеке, корпоративтік мүдделер қоғамдық, ұлттық, рухани және адамгершілік мүдделерден басым бола бастады. Тиісінше, қоғамның барлық салаларында, соның ішінде әскери салада айқын

немесе жасырын түрде көрініс тапқан екі қарама-қарсы саясат пен практикалық мінез-құлық және екі принциптің күресі қалыптасты. Біздің қоғамның дәстүрлі қазақ патриоттық санасының біртіндеп жоғалуы көбірек байқалды. Соның негізінде, әскери қызмет беделінің төмендеу тенденциясы байқалады.

Елдегі экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани өзгерістерге байланысты туындаған қоғам, армия және жеке тұлғаның өзара іс-қимылының заманауи аспектілері де Қарулы Күштер өміріндегі мәселелердің жеткілікті кең спектрін анықтады, олардың шешілуі әскери қызметшілердің патриоттық сана деңгейіне тікелей байланысты.

Қоғамдағы және Қарулы Күштердегі жаңа жағдайды әлеуметтік-философиялық түсінудің қажеттіліктері де үлкен маңызға ие. Қызметке келетін жастардың сапасының өзгеруіне байланысты келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің патриоттық санасының нақты күйін, оның қызмет ету ерекшеліктерін терең білу, сондай-ақ осы процесті басқарудың теориялық және практикалық ұсынымдарын меңгеру қажет. Әскери қызмет адамның мақсаты болады, егер оның мақсаты мен міндеттері оның жеке мүддесінен гөрі басым болса немесе оларға сәйкес келсе. Мұндай қызметке деген көзқарастың маңызды ерекшелігі – адамның мемлекет, ұлт, халық, армия мүдделері жолында өзін құрбан етуге қабілеттілігі мен дайындығы.

Ұлттың рухын, күші мен этикалық нормаларын білдіретін Израиль армиясы бүгінгі күнде әскери-патриотизм деңгейінің нақты мысалы бола алады. «Ұлттық армия» құруға бағытталған Израиль Қарулы Күштері қызметкерлердің дайындық деңгейі бойынша да және техникалық жабдықталуы жағынан да әлемдегі ең үздіктердің бірі болып саналады.

Израиль қорғаныс күштері 1948 жылы мамырда Израиль мемлекеті құрылған кезде қалыптасқан. Жас үкімет дереу еврей ерлер мен әйелдерге арналған жалпыға бірдей міндетті қызмет туралы шешім қабылдады, бұл шешім Израиль қоғамын «форма киген ұлтқа» айналдырды.

Мемлекеттік орган ретінде оған бірнеше рөл бөлінді. Оған жаңа иммигранттарды қоғамға орналастыру, білім беруді дамыту, этностар арасындағы мәдени айырмашылықтарды, әлеуметтік-экономикалық жағдайды төмендету және жақсы азаматтықты насихаттау тапсырылды. Содан бері әскери қызмет Израиль қоғамына және әлеуметтік мобильділікке жол болды. 1970 жылдардың басынан бастап IDF-тің жоғары мәртебесі мен Израильдің «әскери формадағы ұлт» ретіндегі бейнесі біртіндеп өзгерді. Бұл ауысым әлемдік әлеуметтік-экономикалық тенденциялармен, сондай-ақ Израиль қоғамындағы өзгерістермен және соғыс сипатымен қатар жүрді (Israelis' Perception of the IDF, 2015).

IDF-тің кәсіби деңгейі мен жауынгерлік шеберлігі бағалау барысы өте жоғары және тұрақты болды. Сауалнама алушылардың 80% -дан астамының басым көпшілігі Израиль Армиясының кәсіпқойлығына және оның жауынгерлік ерлігіне сенім білдірді. 2004 жылы Израиль жұртшылығының 89% -ы IDF-тің кәсіпқойлығына сенді және олардың саны 2006 жылы (88%) және 2010 жылы (83%) жоғары болып қалды (Patriotism and Israel's National Security, 2006).

Әскери шақыру Израильде жоғарыда айтып өткеніміздей 1948 жылдан бастап міндетті болып келеді. Әйелдер де, ерлер де шақырылады; қызмет ету мерзімі ерлер үшін үш жыл, әйелдер үшін екі немесе екі жарым жыл. Израиль қорғаныс күштеріне (IDF) әскерге шақырудың құқықтық негізі - Әскери қызмет туралы заң болып табылады (Stuart A. Cohen 1995).

Израиль азаматтарында екі ішкі критерий бойынша жоғары деңгейдегі израильдік патриотизм бар – елі үшін күресуге дайындық (85%) және туған жерінде өмірінің соңына дейін қалу (87%). Басқа дамыған Батыс елдерімен салыстырғанда өз елі үшін күресуге дайын Израильден асып түсетін еш мемлекет жоқтың қасы.

Алайда, Израиль азаматтарының өз еліне деген мақтанышы басқа елдермен салыстырғанда (77%) төмен. Алайда, бұл «соқыр мақтаныш» емес. Израильдіктердің негізгі мақтаныш көздері – бұл өз елдерінің ғылыми-техникалық жетістіктері (97%) және оның қауіпсіздік

күштері (86%). Жалпы алғанда, Израильдің қазіргі патриотизм рухы - Израильдің идеологиясы, тарихи мұрасы немесе утопиялық ұмтылысы («халықтарға жарық» болу) емес, одан да гөрі – елге деген терең сүйіспеншілік пен Отанына қауіп-қатер төніп тұрғандарын сезінуінде (Patriotism and Israel's National Security, 2006).

Израиль қорғаныс күштерінде әскери міндеттерін орындайтын ерлер мен әйелдер бірқатар әскери мамандықтар бойынша бірге қызмет етеді: техниктер, байланыс және барлау мамандары, жауынгерлік нұсқаушылар, картографтар, әкімшілік және техникалық персонал, информатиктер, дәрігерлер, заңгерлер және т.б. Жауынгерлік бөлімдерде қызмет етуге дайын әйелдер саны да күн өткен сайын артып келеді.

IDF өз сарбаздарының мәдени және әлеуметтік қажеттіліктеріне мұқият қарайды - оларға түрлі білім беру іс-шаралары мен ойын-сауықтар ұсынылады, жеке көмек пен қолдау көрсетіледі. Оқуды аяқтамаған әскерге шақырылушыларға білімін жетілдіруге мүмкіндік беріледі, ал мансаптық офицерлер армия есебінен оқи алады. Жаңа иммигрант сарбаздар үшін IDF-ке тез кіруге көмектесетін арнайы иврит курстары және басқа бағдарламалар қарастырылған.

Израиль армиясының «ұлттық армияға» айналу қадамдары өз кезегінде, әскери қызметкерлердің беделін көтеріп қана қоймай, қоғам ішінде ел армиясына деген сенімділік пен патриоттық сананы қалыптастыруға үлкен ықпалын тигізді. Кәсіби армия әскери қызметкерлерінің патриоттық сана-сезімін қалыптастырудың перспективалық бағыттары мен әдістерін әзірлеу, қазіргі заманғы жағдайда олардың адамгершілік дамуын басқарудағы басымдыққа ие ғылыми мәселелердің бірі болып табылады.

Ал елімізде кәсіби армия әскери қызметкерлерінің әскери қызметі сипатының күрделенуі, жоғары құзыреттілікті, оның патриоттық сана-сезімін арттыруды қажет ететін әскери-техникалық және әлеуметтік-психологиялық сипаттағы проблемалар ауқымын кеңейту де маңызды тақырыптар қатарында. Кәсіби әскери қызметшіге білім, білік, дағды, ерекше қасиеттер қажет, олардың

көмегімен ол қойылған міндеттерді ойдағыдай орындап қана қоймай, өзінің мотивациялық және патриоттық әлеуетін, өзінің жеке позициясын жүзеге асыра алады.

Армия мен флоттағы әскери-патриоттық тәрбие жүйесін жетілдірудің, оның кәсіби сарбаздардың патриоттық санасының дамуына және сайып келгенде олардың кәсіби қызметінің тиімділігіне әсерін күшейтудің маңыздылығы да орасан зор.

Қорытынды

Патриоттық тәрбиенің мақсаты – Қарулы Күштерде әскери қызметшілердің жоғары әлеуметтік белсенділігін, азаматтық жауапкершілікті, руханилықты дамыту, Отанды қорғау, оның өмірлік мүдделері мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында әскери қызмет барысында оларды көрсете алатын оң құндылықтар мен қасиеттерге ие сарбаздарды қалыптастыру.

Біздің қоғамның және Қарулы Күштердің қазіргі даму кезеңінде бұл мақсатқа жету келесі міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады:

- Қарулы Күштерде, әскери қызметкерлердің санасы мен сезімінде патриоттық құндылықтарды, көзқарастарды, наным-сенімдерді, Қазақстанның мәдени және әскери-тарихи өткеніне, дәстүрлеріне құрметпен қарау, мемлекеттің, әсіресе әскери қызметтің беделін арттыру;

- келісімшарт бойынша әскери қызметкерлерді әлеуметтік, тұрмыстық, қызметтік, жауынгерлік даярлық пен жауынгерлік міндеттерді шешуге белсенді тарту үшін мүмкіндіктер құру және іске асыруды қамтамасыз ету;

- сарбаздарды Қазақстан Республикасы Конституциясына, заңдылыққа, жалпы әскери ережелерге, командирлер мен бастықтардың бұйрықтарына құрметпен қарау рухында тәрбиелеу, адамның конституциялық құқықтары мен оның міндеттерін, кәсіби және әскери борышын жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;

- әскери қызметкерлерде мемлекет рәміздеріне – Қазақстан Республикасы Елтаңбасына, Туына, Әнұранына, Қарулы Күштер рәміздеріне, бөлімдері мен

құрамаларына, Отанның тарихи қасиетті орындарына деген терең құрмет пен мақтанш сезімін ұялату;

- нәсілдік, ұлттық, діни төзімділікті қалыптастыру, әскери қызметкерлер - әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы достық қатынастарды дамыту.

Сонымен, әскери қызметкерлердің патриоттық сана-сезімі мен патриоттық тәрбиесін, олардың кәсіби сарбаздың жеке тұлғасын қалыптастыру және жетілдіру үдерісіндегі рөлін зерттеу проблемасы қазіргі уақытта ерекше маңызға ие болып отыр, өйткені бұл мәселе Ішкі істер министрлігінің Қарулы Күштері мен ішкі әскерлерін құру процесімен тікелей байланысты және оларды жаңғыртуды жүзеге асырудың маңызды аспектілері. Барлық уақытта патриотизм халықтың рухани өмірінде ғана емес, экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан да ерекше рөл атқарды. Белгілі бір мағынада патриотизм – бұл мемлекеттіліктің негізі, бүкіл әлеуметтік және мемлекеттік институттар жүйесінің тиімді қызмет етуінің кепілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Global firepower (2020). URL <https://www.globalfirepower.com>.
- Israelis' Perception of the IDF. (2015), A Split Between it as an Armed Force and as a Public Institution. Behavioral Sciences Center, Israel.
- Patriotism and Israel's National Security. (2006). Herzliya Patriotism Survey.
- STUART, A. Cohen. (1995). The Israel Defense Forces (IDF): From a "People's Army" to a "Professional Military"-Causes and Implications.
- АМАНЖОЛОВ, К. Р. (1999). *Қазақстанның әскери тарихы: б. з. д. VI ғасырдан бүгінгі күнге дейін*, Алматы: Білім.
- ИМАНБАЕВА, С. (1995). Автореферат: Караганда.
- МЕНЛИБАЕВ, К. Н. (1995). *Роль национальных традиций в патриотическом воспитании (по материалам конкретно-социологических исследований молодежи Республики Казахстан)*, Алматы: Автореферат.
- НУРМАГАМБЕТОВ, С. К. (1999). *А в памяти нет тишины*, Алматы.
- Программа военно-патриотического воспитания молодежи Республики Казахстан до 2025 года, (2019). Нур-Султан.
- ПРОКОФЬЕВА, М. А., Молбасынова, Ж. М. (2015). “О модели военно-патриотического воспитания молодежи допризывного возраста” *Успехи современного естествознания*, 6, 1030-1033.
- РЫСПАЕВА, М. Н. (2018). “О патриотическом воспитании допризывной казахстанской молодежи” *Әскери ғылым академиясының хабаршысы*, 2, 288, 85-88.
- СОЧИН, С. А. (2009). “Военно-патриотическое воспитание учащихся на боевых традициях казахстанцев”, *Достояние нации*, 4, 136-139.
- СОЧИН, С. А., Прокофьева М. А., Куракбаева А. Ж. (2012). “Боевые традиции казахского народа – основа военно-патриотического воспитания будущего учителя”, *Молодой ученый*, 9, 309-312.

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ӘҢГІМЕЛЕР: ИДЕЯЛЫҚ- ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйіндеме

Ғылыми мақалада тәуелсіздік жылдарында жазылған бірқатар әңгімелердің идеялық және тақырыптық ерекшеліктерін айқындай отыра, соңғы онжылдықтарда жазылған прозалық шығармаларды тарихи шындық пен көркемдік шешім поэтикасы тұрғысынан қарастырылады.

Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет өкілдері дін, әлеуметтік проблема, қоғамдық келіспеушілік, білімсіздік, сауатсыздық, әділетсіз билік секілді көптеген «жабық» тақырыптарды аша алды, жаза алды. Бұл – қазақ прозасындағы тәуелсіздік тұсында туған үлкен бетбұрыс. Бұрын болып көрмеген тосын көркемдік амал-тәсілдерге бару арқылы қаламгерлердің көпке белгілі жағдайлардың өзін жаңаша суреттеуі жаңа заман оқырманының талабынан туып отыр. Әсіресе, ұлттық идеяны берудегі әлеуметтік символиканың ролі басымдық алуа. Әңгімелердегі өмір шындығының тарихи шындықпен бейнеленуі, тарихилықтың көркем шығармаларға негіз болуының ерекшеліктері, реалистік сипат пен көркемдік қиял жинақтауларының сабақтастығы талқыланады.

Тірек Сөздер: *Тәуелсіздік кезеңі, Идея мен тақырып, Әдістеме, Тың ізденіс*

ULUSLARARASI TÜRK
DÜNYASI ARAŞTIRMALARI
DERGİSİ
INTERNATIONAL
JOURNAL OF TURKISH
WORLD STUDIES
CİLT 4 / SAYI 2 / NİSAN
2021

**Sorumlu Yazar
Corresponding Author**

А. Б. КӨРЕГЕНОВА, Г.
Ж. БОЛАТОВА
Магистрант, әл-Фараби
атындағы Қазақ ұлттық
университеті, akoregenova@list.ru
Филология
ғылымдарының докторы,
доцент м.а., әл-Фараби
атындағы Қазақ ұлттық
университеті,
gulzhan5055055@mail.ru

**Gönderim Tarihi
Received**
17.03.2021

**Kabul Tarihi
Accepted**
29.03.2021

Atif
КӨРЕГЕНОВА, А. Б.,
БОЛАТОВА, Г. Ж.
(2021). “Тәуелсіздік
Кезеңіндегі Әңгімелер:
Идеялық-Тақырыптық
Ерекшеліктері”,
*Uluslararası Türk
Dünyası Araştırmaları
Dergisi*, (4/2), 63 - 76.

ARAŞTIRMA MAKALESİ
RESEARCH ARTICLE

STORIES OF THE INDEPENDENCE PERIOD: IDEOLOGICAL AND THEMATIC FEATURES

Abstract

The scientific article examines prose works written in recent decades from the point of view of historical reality and poetics of artistic solutions, highlighting the ideological and thematic specifics of a number of stories written during the years of independence. Representatives of literature over the years of independence were able to reveal and write a lot of "closed" topics, such as religion, social problems, social differences, ignorance, illiteracy, and unfair power. This is a big turning point in Kazakh prose, born in the years of independence. In connection with the transition to unexpected artistic techniques, many writers describe situations known to them in a new way. The role of social symbols in the transmission of the national idea is particularly dominant. The focus is on the reflection of the reality of life in stories with historical reality, the features of the formation of historicism as the basis of artistic works, the continuity of the realistic character and the accumulation of artistic imagination.

Keywords: *The period of independence, The idea and the theme, methodology, new search.*

Кіріспе

Қазіргі қазақ прозасының, оның ішіндегі әңгіме жанры стильдік тұрғыдан болсын, тақырыптық тұрғыдан болсын барынша жаңаша түр алды. Әдебиетке енді ғана келген жас жазушылар кеңестік реализм шаблонынан шығып, тың қазақ прозасын қалыптастыруға талпынып жатқаны байқалады. Бұл үрдіс ХХ ғасыр соңында алпысыншы жылғылардың да, алтын көпірліктердің де шығармашылықтарынан анық көрінген. Бірақ, бұл екі топтың алғашқысы стильдік өзгешеліктерге аса мән бермеген еді. Олар ескіше жазуымен тың тақырыптар қозғайды. Ал алтын көпірліктер алдыңғы буын қалыптастырған тың тақырыптарды өзгеше жазу стилінде жеткізді. Ал әдебиетке енді келген жас буын алдыңғы екі толқынды да өзіне сіндіруге талпынып жатыр.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі ұлттық әдебиетіміздің қайта жаңарып, идеялық-тақырыптық деңгейі кеңеюіне жол ашты. Сонымен қатар еліміздің әлеуметтік өмірінде қоғамдық-саяси шешуші рөл атқарған қазақ әдебиеті тарихының ақтаңдақ беттері – 1986 жылғы “Желтоқсан”, 1989 жылғы “Семей

полигоны”, “Ауғанстан” тақырыптарына қазақ жазушыларының еркін шабыттана жазуының арқасында біраз көркем прозалық шығармалар дүниеге келді. Бұл қазақ әдебиетіне енген жаңалық екенін айтпасақ та түсінікті. Ендеше, бұл мақалада тәуелсіздік кезеңіндегі әңгіме туындыларын идеялық-тақырыптық жағынан талдап, ерекшеліктерін талдайық.

1. Тәуелсіздік Тудырған Тың Тақырыптар

Қазіргі қазақ прозасы, оның ішіндегі әңгіме жанры – ұлттық және жалпы әлемдік әдеби үдеріс қозғалысы жүйесіндегі шығармашылық еңбектің нәтижелері болып табылады. Қазақ тарихының кезеңдерін қамтыған алдыңғы толқын суреткерлер ізімен кесек туындылар жазған кейінгі толқын қаламгерлер шоғыры қазіргі қазақ оқырмандарының ұлттық-тарихи санасын оятуға, жаңаша қалыптастыруға ықпалын тигізері сөзсіз. Осындай жаңашылдық тек тың идеялық-көркемдік ізденістер нәтижесінде келеді. Табысқа жету үшін тақырыптың жаңашылдығы жеткіліксіз. Жаңалық жазушының белгілі бір идеяны жеткізу ерекшелігінен, өмірге деген көзқарасынан, көрген-білгендерін ой-санасында қорыту мен оны суреттеу ұстанымдарынан, әлеуметтік талдау пайымынан аңғарылмақ. Бұған сюжет, композиция құру, кейіпкер таңдау, мәтіндегі сөз таңдау, сөз әрлеу тәрізді суреткердің дара стиль өзгешеліктері де жатады. Алайда, әр автордың жаңалығы мол тың шығарма тудыруға ұмтылысы әрдайым дәстүр сабақтарымен астасып жатқанда ғана жемісті. Тәуелсіздігіміздің бастауы болған Желтоқсан көтерілісі – еліміз егемендік алғанға дейінгі тыйым салынған, “жабық” тақырыптардың бірі болып келді. Талай қазақтың қыз-жігіттерін қыршынынан қиған, жазықсыз жандардың көз жасынан тұратын бұл тақырыпқа біраз жазушылар қалам тарқаны белгілі. Әңгіме-повестерде бұл тақырыпқа – А.Алтай, М.Байғұтұлы, Қ.Түменбай мен Ж.Қорғасбектер тыңнан түрен салды.

Мархабат Байғұттың “Жоғалған жұрнақ” атты әңгімесінде 1986 жылы сотталып, қоғамнан аластап, шеттетілген, желтоқсан қасіретінің құрбаны болған жас жігіттің тағдыры бейнеленген. Қаламгер бұл образ арқылы ұлтсыздану мен жаһандану қасіретіне душар болған жоғалған ұрпақ трагедиясын суреттеген.

“Ол Айқұмырсқадан көшпей қалған жеті-сегіз үйден сәл былайырақтағы Тақиятөбенің тепсеңінде, өзі туған үйдің орнында шапанының етегінен тас төгіп отырған күйінде қатып қапты... Жұрнақ қатып қалған түні Қамбар ата кесенесі түбіндегі

айналасына ақ сәуле шашатын ақшылтым тас түп-түгел қарайып кетіпті деседі.” (Байғұт, 2009: 157).

Асқар Алтайдың “Прописка” атты әңгімесінің тақырыбы да желтоқсан. Әңгіме Арқат есімді жігіттің жеті жылдан кейін өзінің туған ауылына қайтып келуінен басталады. Мұндағы мақсаты паспорт үшін пропискаға тұру әрі желтоқсан оқиғасына қатысты қудалаудан бассауғалау болатын. Бірақ жолдың бойында жолаушы тиеген автобус омбы қар мен боранның кесірінен аударылып қалады. Автобус қайтадан жолға шыққанымен Ертіс өзенінің арғы бетіне өте алмай кейін қайтады. Урбанизация қалаға қуған қазақ ұлтының наласы мен шері, пропискаға отырудың соры. Алайда бұл жеке бастың қайғысы емес, бүкіл қазақ қоғамының басына түскен ауырпалықты таңбалайды. Ол – қазақ қоғамындағы ащы шындық.

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің қарымды қаламгерлерінің бірі Қуандық Түменбай да желтоқсан тақырыбынан айналып өтпеді. Оның “Қобыздың мұңы”, “Мұнар күн”, “Қазанама оқушы” әңгімелері желтоқсан оқиғасының ел басына тудырған зардаптары, халықтың жай-күйіне, адамдардың сан қилы тағдырына арналды.

Бүгінгі әлеуметтік өмір шындығы Б.Қанатбаевтың “Ескі жұрт” әңгімесінде де шеберлікпен беріледі. Дүние өзгеріп, ұрпақ ауысқан кездегі ұлттық құндылықтардың жұтаңдауына назар аударады автор. “Тәуелсіздік кезеңі тіршілігіміздің алуан саласындағы жаңа да жарқын бетбұрыстарға, жаңғыруларға бастап отыр. Сондықтан өмір шындығын, өмірлік материалдарды авторлық концепция мен өткір проблемалдарға сабақтастыра таңдау мен толғаудың мән-маңызы айырықша” (Қабдолов, 1983: 94).

Рахымжан Отарбаевтың “Американың ұлттық байлығы” әңгімесіндегі әлеуметтік мазмұны қарапайым ауыл тіршілігі арқылы ашылады. Әңгімеде болмашы бір күлкілі оқиға арқылы халқымызда ұлттық идеология жоқтығы көрсетіледі. Кейіпкердің рухани дүниесіндегі, характеріндегі өрлеу мен әлеуметтік шындықты шебер көрсетеді.

“– Аллам-ау, – деді амалы таусылған аңшы үні тозып, мұржаға сүйене кетіп. – Шәуіл деген жаман ши бөрі Американың ұлттық байлығы болсын. Мен сонда Қазақстанның кімімін?” (Рахымжанов, 2012: 11). Жазушы ши бөрі мен ел-жұртты салыстырады отырып бейнелейді. Шығармада суреткер қазақ жерінде тұратын өзге ұлттарды ши бөрі бейнесіне қойып,

әсірелеп төбемізге көтерудің тұспалы бар. Қаламгер шығармасының тақырыбында үлкен мағына жатыр.

М.Мағауиннің “Ұлт аралық жанжал” атты туындысының қаны қазақ, рухы қазақ сүйсініп оқитын шынайы әңгіме екендігі көркемдік қуатының кемелділігінен көрінеді. Тілді, елді, рухты қорлағысы келіп, менсінбеу, қазақтың кеңдігін ұдайы бас пайдаларына пайдалану, қазақтың қашан да ерен төзімділігі, балақтағы биттің басқа шығуы – бәрі сатиралық уытты тілмен әшкерелеген. “Ал, қазақ... Тәуелсіздік алдың, енді атаңның басы керек пе?! Ел иесі екеніңді қашан ұғасың?” (Елеуенов, 2012: 24).

Әңгіме аяғы оқырманның ұлттық рухының көтерілуіне түрткі болатын сауал әрбір саналы қазақ жүрегіне ой қалдырады. “Ұлттық идея біздің ортақ тағдырымыздан туындайды. Ол ащы болсын, тәтті болсын-біздің бүгін де, ертең де өмір сүруіміздің бірден-бір шарты”, – деп түйіндейді.

Қазақстанның тәуелсіздік ел атануы – тамыры тереңде жатқан қазақ халықтығының, ата-бабаларымыз аңсаған егемендіктің тұғыры нығая түскенін айқындайтын маңызды кезең. Тәуелсіздіктің арқасында қайта жаңғырған төл тарихымыздың жаңа беттері ашылды. Ендігі мақсат – тарихымыздың кешегісі мен бүгінін терең зерттеп, зерделеу. Әдебиетіміздің тарихы да осындай талғаммен қайта қарауды керек етеді. “Тәуелсіздік жылдары” деп аталатын кезеңнен басталған жаңашыл ізденістер рухани жаңғырудың жаңа бір кезеңі болды да, қазақ әдебиетіне көркем ойлаудағы жаңа ұстанымдарды алып келді (Назарбаев, 1996: 36).

Халық бойындағы ұлттық рухтың сөнуі, көріне алмауы жақсылыққа апармайды. Сөнген рухты қайтадан маздата жаға білу тек қана әдебиеттің қолынан келетіні туралы қаламгер Д. Әшімханұлы мынадай пікір білдірген: “Ұзақ жылдар бойы ағылшындардың отарлауында болған үнді халқы тәуелсіздік алған кезде Джавахар Нерудің “Бәрін қалпына келтіреміз. Кедейшіліктен құтыламыз, байлыққа да жетеміз, қираған мүлік-мүкәмалдың да орны толады. Ең жаманы отарлық езгінің әсерінен халқымыз рухын жоғалтып алды. Орны толмас өкінішіміз де осы” деп мұңаятыны бар. Осыған ұқсас, көп жылғы отарлық пен бодардық қазақ халқын ың да рухын жасытып, сағын сындырып кетті. Ал енді халқымыздың жасыған рухын кім көтереді. Меніңше, мұны тек әдебиет көтереді. Сондықтан да әдебиетіміздің қазіргі кездегі міндеті, парызы-халқымыздың рухын көтеруге бағытталуы керек” (Қазақ әдебиеті, 2001: 9).

М.Мағауиннің “Құмырсқа қырғын”, “Коммунистік реализм”, “Қасқыр – Бөрі”, “Қисық ағаш”, “Қос Ағаш”, Т.Нұрмағамбетовтің “Кене”, А.Алтайдың, т.б. шығармалары әлеуметтік өмірдің ең бір өзекті мәселелерін, сыншылық-философия саралайды. Жазушыларымыз өз шығармаларындағы айтар ойын, суреткерлік көзқарасын тұспалдап, психологиялық тұрғыда жеткізуі немесе әлеуметтік символикаға ден қоюы – заңдылық. “Астарлап, ишарамен сөйлеу, сөзге сараңдық, үкім айтудан, соңғы ақиқатпен кездесуден қашу – постмодернистік рухтағы бүгінгі қазақ прозасына тән басты қасиеттердің бірі” (Елеуенов, 2012: 24).

2. Құндылықтар Ауысуының Қазақ Әңгіме Жанрында Көрініс Табуы

Ұлт әдебиетіне ортақ жаңа сапалар, өлшемдердің елеулісінің бірі – қазіргі қазақ прозасының идеялық сипаты. Біздің басты назар аударатынымыз да бұрыннан бар тәсілдің қазіргі заманғы жаңа болмысты прозадағы өзгеше жаңғыруы мен түрленуі болмақ. Осы тұрғыдан алып қарағанда, М.Мағауиннің алып отырған идеялық сипат – Қасқыр – Бөрі. “Қасқыр – Бөрі” атты шағын әңгімесі өзінің құрылымдық жағымен ерекшеленеді (Адамзат өркениеті-тарих және қазіргі заман, 2005: 266)

Шағын әңгіменің “Қазақтың қасқыры – қасқыр емес, шене, құрт кезінде, яғни бағзы заманда әлемдегі ең айбарлы аң болған” дейтін бастауынан бастап бабамыздың байрағына түсіп, жүрек пен рухтың, қайтпас ерліктің ұранына айналған боз құрт, шене туралы толғанысы назар аудартады.

Соның тағы бір мысалы ретінде Д.Рамазанның “Көкжалында” адам және табиғат арасының арпалысы ешбір бояусыз, бар қалпында суреттеледі. Олардың байланысының үзіліп қалуы адамның кінәсынан екенін ашып айтылады. Мұнда да астар байқалады, демек, табиғатты күштеп бағындыруға болмайды, оның да өз заңдылығы бар, онымен санасу керек.

С.Сағынтайдың “Тұмақ елесі” атты әңгімесінде қасқыр – бөрі бейнесі өз болмысын танытады. Бұл әңгімеде жас жазушы – С.Сағынтай қазақ даласының экологиялық апаттар алаңына айналғанын мистикалық оқиғалармен береді.

Сонымен қорыта келгенде, жоғарыда талданған бірнеше автордың алып отырған тақырыптары да ұқсас шығармаларының негізі де бір, айтпақтары да бір – ортақ арнаға құйылады. Ол – ежелгі ата-баба қастерлеген құндылықтардың бағасын, парқын

білу. Бүгінгі рухани дағдарыс тұсында өскелең ұрпаққа өнегелі тұстарын үлгі ету. Табиғат-Адам бірлігін, тұтастығын сақтаған алғашқы адам сезімінің артықшылықтарын алға тарту. әрине бұл мақсаттардың әртүрлі қаламгер шығармаларында әр қилы дәрежеде көрініс тауып жатуы – заңдылық. Сол арқылы қазіргі қазақ прозасының жаңарған көркемдік бітімі де бірте-бірте қалыптаспақ.

3. ХХІ Ғасырдағы Қазақ Әңгімесінің Жалпы Тенденциясы

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қазақ прозасының біршама тоқырап қалғаны рас еді. Әрине, бұл кезеңдерде алдыңғы буын өкілдер болды. Бірақ, олардың да қаламдары біршама тосылып, жаңылықырап қалған жайы бар. Бұл кезеңдерде нағыз жаңалыққа, еркіндікке жаны құмар жазушылар ғана өз биіктерін ұстап қала алған. Қазақ әңгімелерінің көркемдік деңгейін көтеруге Ш. Мұртаза, М. Мағауин, Қ. Жұмаділов, Б. Нұржекеұлы, Т.Нұрмағамбетов, Қ. Түменбай, Ә. Тарази сынды қаламгерлер үлес қосты. Осылардан кейінгі толқын әдебиетке кешеуілдеп келді. Өйткені, алдыңғы буын ағалардан жол күтті. Ал алдыңғы буын біршама жолын салып та берген еді. Әдебиетке кеңес өкіметі тұсында келіп, сол кезеңде қалыптасқан жазушылардың көтерген және көтеріп жүрген жалпылама тақырыптары мыналар: кешегі өкіметтің жауыздығы мен жалғандығы, біршама деңгейдегі культтік тақырыптар, тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі халық басынан кешкен қиыншылық, біршама деңгейдегі тарихи тақырыптар. Бірақ, мұның өзінің астарында кешегі өкіметке, патшалық ресейге деген ашық қарсылық пен жеккөрініш жатады.

М.Мағауин әңгімелеріндегі айшықты прозаның ерекшелігі – композициядағы ішкі ырғақтың жасалымынан байқалады. Мысалы: “Коммунизм! Не ішем, не кием демейсің. Жаппай теңдік. Бәрі ақылды. Бәрі білімді. Бәрі – бір тілде сөйлейтін бір ұлыс өкілі. Капитал әлемі қирап, аштан өліп жатқан кезде жер шарының алтыдан бір бөлігінде – Совет Одағында осындай пейіш орнамақ” (Мағауин, 2007: 41). Бұл әңгімеде еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ өмірінің көрінісі суреттеледі. Яғни, қаншама жыл шайқалмастай болған кеңес қоғамының, “Коммунизм” идеясының елесін аңсаған қазақ қоғамының бейнесін көре аламыз.

Т.Нұрмағамбетовтің шығармаларындағы “иіс” аса маңызды, “Туған үйдің түтінінің иісі”, “Ата қоныстың, кіндік

қаны тамған жердің”, “жалғыз ұлдың иісі” атрибут ретінде алынады. Баланың иісі, әке үйінің иісі (нан, ананың киімі, оның қабірінің бір уыс топырағы) – бұлардың барлығы кейіпкер жан дүниесінің тереңіне бойлап, көмескіленген анаға, туған жерге деген махаббатын қайта жаңғыртады.

Еліміздің егемендік жылдарында Шерхан Мұртазаның қаламынан “Тәуекел той”, “Тортай шалдың есегі”, “Алапар мен Динго”, “Шыршаның жыры”, “Сарыала қаз – Феникс”, “Бұршақ”, “Жарамазан”, “Тұз кесел”, “Нахал торғайлар”, “Бабаның оралуы”, “Шағалалар мен қаңғыбастар”, “Теке бұрқақ”, “Мыңбұлақ” сияқты классикалық әңгімелері туды. Жазушының шығармаларының барлығының дерлік кейіпкерлері – адамдардың, сонымен қатар үй хайуанаттарының, құстардың, тұз тағыларының, яғни тіршілік әлеміндегі әр алуан жан-жануарлардың символдық сипаттағы іс-әрекеттері мейлінше шыншылдығымен, қысқа да нұсқа шымыр қайырымдарымен, ішкі жан-дүниенді шаншып-шаншып алатын өткірлігімен, кейде ашынттып, кейде сүйсінтіп жіберетін көркем жинақтауларымен баурап алатыны бар. Жазушының табиғаттың тұтастығын теңшеген тіршілік атаулыны философиялық тұрғыдан көрсетуге баса көңіл бөлетін әңгімелері әсерлі де тартымды.

Жазушы “Тәуекел той” әңгімесінде тойшыл қазақтың қазіргі замандағы бәсекелестікке айналған тойын көрінісін Керімқұлды жиынтық образ ретінде алып сынаған. Бұрында ата-бабамыз өте қонақжай болғанымен, дарақылыққа, бәсекеге, ысырапшылыққа, бос мақтанға жол бермеген. Ал қазір қазақ той жасау үшін, қарызға батып, аста-төк той өткізеді. Біреуі байлығын жаһанға жар салғысы келсе, екіншісі “ұят болмасын”, “жұрттан қалмаудың” амалын жасауда. “Алапар мен Динго” әңгімесі шығарманың екі басты кейіпкерлердің атымен аталған. Динго – австралиялық иттердің тұқымы. Ал Алапар — иттердің ергежейлісі, мәстек тұқымы. Шерхан Мұртазаның бұл әңгімесі жақсы мен жаманның, күшті мен әлсіздің тартысы, қазіргі замандағы адамдарда табылмай жатқан жанашырлық, бауырмалдық, қамқорлық қасиеттерінің иттердің бойынан табылуы. Әңгіменің негізгі идеясы – адамгершілік қасиеттер заман өте жойылып бара жатса, адам баласының адал досына айналған иттің қасиеті нығайып келе жатқандығында. Қазіргі таңда, дүние уақыт өте келе қайтадан кірлене бастағанын жайында, зіл сияқты алыптар жойылып, піл сияқты ірілер азайғанын, адамдар мен аңдар ұсақталып жатқанын жеткізгісі келген.

Егемен ел болғаннан бері Қабдеш Жұмаділовтің “Жалдамалы күйеу”, “Жемдеген қырғауылдар”, “Бір ғана ғұмыр”, “Құдайдың үйі”, “Бұқарбайдың бұқасы”, “Ит базары”, “Дөңгеленген дүние-ай”, “Тіленші”, “Ақынның ақырғы күндері” секілді әңгімелері жарық көрді. Қаламгер “Бір ғана ғұмыр” әңгімесі тынымсыз қала өмірінен қажып, санаторийге демалуға келген, жазушы, Әділ Тазабековтың іс-әрекеттерін суреттеуден басталады. Басты кейіпкер санаторийдің тыныс-тіршілігімен таныса отырып, қоғамда болып жатқан түрлі оқиғалардың куәсі болады. Мәселен, жасы ұлғайған жетпіс бестегі отағасы мен отыз бестер шамасындағы келіншекті көріп терең ойға қалады. Мұндай жағдайлар бұрын да болған, ал қазіргі қоғамда өз еркімен алдамшы дүниенің жетегіне еріп жүргендер өте көп. Қай заманда болсын жас қызды шал емес, мал алған екен.

Қуандық Түменбай “Періште”, “Қобыздың мұңы”, “Жапон ауылындағы жаңалық”, “Бильярд”, “Барахолкаға баратын автобус”, “Көз” әңгімелерінде жаңа қоғамдағы ұлттық мақсат-мүдделерге, рухани құндылықтар мен дәстүрлерге қатысты маңызды, өзекті мәселелерді көркем сөзбен шебер суреттей білген.

Осындай белгілі жазушылармен бірге К. Рахымжанов, Н. Қами, Р. Мұқанова, Т. Ахметжан, Н. Ораз, Ә. Салықбай, А. Алтай, Д. Рамазан, А. Кемелбаева, Ж. Қорғасбек, Қ. Мұқаш, Д. Амантай сынды бір топ жас қаламгерлер тәуелсіздік тұсындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік деңгейін көтере түсті.

Қойшыбай Мұбарактың “Пәтер” атты әңгімесінің де негізгі тақырыбы – қазіргі қазақ жастарының әлеуметтік жағдайы. Әңгіме қызықты оқылып, оқырманды тең баурап алады. Себебі, бұл – ауылдан, кең даладан қым-қуат тіршіліктегі қалаға келген қара көз қазақ баласының бір баспанаға зар ауыр халі. Әңгіме кейіпкер атынан баяндалған. Диалогқа құрылған. Қазақ жастарына мынау нарық заманында үлкен, кіші қалалардаң жайлы пәтер алу – арманнан ары, жеті қат көктегідей қол жетпес қиял деген сөз. Әңгіме соңындағы өз ернін өзі қыршып, қаны бұрқ еткен кейіпкердің көңіл-күйі – Қазақстандағы талайларға етене таныс ауыр әлеуметтік зардап суреті.

Асқар Алтайдың “Түсік”, “Стакан”, “Казино” әңгімелері қоғамдық шындықты ашық жеткізу арқылы оқырман көңіліне ой салу, өкініші зор әрекеттерден сақтандыру. Әр түрлі әлеуметтік топтағы кейіпкерлері арқылы қоғамның ащы шындығын, жастардың адасушылыққа, қателікке бой алдырып, теріс бағытқа

түсіп, бақытсыздыққа ұшырауын айқын көріністер арқылы береді. Қазіргі қазақ әңгімесінде бұл әңгімелер астарында бұғып жататын автордың ақылман бейнесі ретінде көрініс береді. Автор әңгімесі заманалық қазақ әдебиетінің дамуы процесіндегі ерек құбылыс. Жазушы әңгімелері типтік ситуацияға құрылған. Қаламгер қаламымен сомдалған түрлі персонаждар бастарына түскен жағдаятты сан алуан жолмен өзгерткілері келеді. “Казино” әңгімесі – заманалық қазақ әдебиетінің дамуы процесіндегі ерек құбылыс. “Құдайсыз қоғамға, имансыз адамға бәрі рұқсат... ештеңе жат емес екен. Ал мұндай мұндар дүниеде өртті жүрек, дертті сана ақылға қонақ бермей, асау сезімге ғана бой алдырмақ” деген автор уәждауы “Бай-шонжарлардың мырзаларының” қоғамдағы алатын орнын айқындайды.

Асқар Асқардың “Альпинист” шығармасындағы тау шыңына шығуды өзінің рухы, жан рахаты көретін Тайшынның қалаға сыймай әрдайым тауға қарай аңсары ауып тұрады. Қаладағы бейберкетсіз тіршіліктен жалығады. Автор кейіпкердің ішкі жай-күйін терең түйсінеді. Оның қаумалаған адамдардың ішінде әрдайым жалғыз сезінуін жеткізеді.

XXI ғасырда әңгіме жанрына тағы бір топ жас буын өкілдері келіп қосылды. Олардың қатарында мерзімді басылым беттерінде әңгімелері жиі жарияланып жүрген Қанағат Әбілқайырұлы, Мәдина Омарова, Лира Қоныс, Үміт Зұлхарова, Дархан Бейсенбек, Әсем Қоспағарова, Әлібек Байбол, Қанат Тілеухан, Бану Дәулетбаева, Арман Әлмембет, Алмас Мырзахмет, Алмас Нүсіп, Мәлік Отарбай, Ләзиза Имашева, Айнұр Шамшейтова, Аягүл Мантаева, Серік Сағынтай, Жәмила Мамырәлі, Мирас Мұқашев, Мәди Алжанбай, Мира Шүйіншәлиева, Бейбіт Сарыбай, Ерболат Әбікенұлы, Нұрлан Қабдай, Мерей Қосын т.б. қаламгерлерді атауға болады.

Қаламы тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан жазушылардың эксперименттері басым. Тақырыптық тұрғыдан келгенде қазіргі қазақтың жас жазушылары әлеуметтік мәселелерге дендеп келеді. Солардың ішіндегі бүгінгі ажырасу, пәтер және жұмыссыздық пен еркіндік мәселелері бүгінгі әдебиетте басымдық алып тұр. Әрине, бұл мәселелердің барлығы дерлік әдебиетте, қазақ әдебиетінде бұрыннан бар. Бірақ, XX ғасырдағы қазақ жазушыларының кінәлайтын өкіметі бар еді ғой. Пәтерсіз, жағдайы төмен өмір сүрсе өкіметі өгейсінгені де. Басқа айтар жауап аз. Осы пәтер мәселесінде жас жазушы Ерболат Әбікенұлының “Пәтер іздеп жүр едік” әңгімесіндегі Алматыны

алты айналып, жетім бұрышты жеті айналғанда өздеріне лайық пәтер таба алмай сандалған жас отаудың күйі бейнеленген.

Ал, ажырасу мәселесі бүгінгі күннің дертіне айналып келеді. Қазақтың “әдебиет халықты тәрбиелеуі керек” деген қалам ұстағандары осы мәселені барынша көтеруге тырысып келеді. Бұл әсіресе жас жазушы Қанат Тілеуханның әңгімелерінде көп байқалады. Оның “Қайтқан қыз” әңгімесі қазақтың «жиен ел болмайды» деген сөзін бүгінгі қазақтың дертіне айналдырған.

Осы жазушының “Медаль” атты әңгімесінде бүгінгі қоғам тағы бір қырынан көрінеді. Қазақтың марапатқа қызығушылығы, бір-бірінен асып кетсем, асып түссем деген көреалмаушылығы қашаннан-ақ көтеріліп келе жатқан тақырып. Бірақ, бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан ол тіптен жаңа сипат алды.

Қ.Әбілқайырдың “Қағаз қаласы” атты әңгімесіндегі әлеуметтік сатира айқын. Автор қазақ қоғамын шырмауықтай шырмап алған баспана дерті жайын бейнелеген. Жастар үшін бұл үлкен кедергіге айналды. Өзіне-өзі сенбеу, келешегіне күмәндану содан басталады. Әңгіме бірінші жақтан баяндалады. Баспанасыздық зарын тартқан қазақ ұлттық болмысына тиетін зиян мен зардапты шегіне жеткізе суреттейді. Бұл пәтер неге аспанда? Риторикалық сауал емес, пәлсапалық нышан. Бұл тақырыптық жағынан Қ.Мұбарактың “Пәтер” атты әңгімесімен үндес. Екеуі де жер бетіндегі пәтер емес, көктегі пәтерді яғни, қиялда ғана, тіршілікте болмайтын байлықты көксейді. Ел болу үшін мұндай әлеуметтік теңсіздіктің жегі құрттай зияндығын ашады. Яғни, шығармада бүгінгі әлеуметтік шындық, қазақ тағдырындағы шешуін күткен түйінді мәселе – баспана мәселесі негіз болады.

Ұзақ жылдар бойына халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарын көлеңкелеуге жүргізілген саясат талай жанды тура жолдан тайдырды. Бұл әсіресе жаһандану үрдісі белең алған замандағы діни еркіндіктің ушығуында тіпті күрделі мәселеге айналды. Мира Шүйіншәлиева “Адасқан ару” әңгімесінде осы жайтты кейіпкерінің жан-жүрегінен өткізіп, бүгінгі күннің аса өзекті мәселесін қозғауда да Мира өзіндік өрнек танытқан. Ата-анасы ғана емес, бүкіл ауыл-аймағы болашағынан мол үміт күткен, қатарының алды боп, түрлі тілді меңгеріп, шетел асып дәрежесі асқан арманы асқақ арудың білім-ғылымы жайына қалып, бөлек бір болмысқа айналуы арқылы бұл мәселенің қаншалықты қасіретті екендігіне сендіре алған. Халықтың маңдайалды ұл-қызы осындай халге

жетсе, басқаның халі қандай болмақ дейтін үрейлі сауал тудырып, жаныңды түршіктіреді (Қазіргі қазақ әдебиеті, 2017: 119).

Мәдина Омарованың “Жұмбақ” өзі пародия деген атау берген бұл әңгіме қысқа әрі ой туғызарлықтай жазылған. Шығарма түнгі он екілер шамасында соғылған қоңыраудан басталады. Бір естігінде ішімдікке удай мас адамның дауысына ұқсайтын дауыс иесі “-Сәлем! Біз... Біз бүгін көлік апатында ұшырадық” деп хабар жеткізеді. Бізі- Берік, Бақыт және белгісіз кейіпкер. Оқиғаның мән-жайын жете түсіне алмаған оның ойына “Көлік апатынан аман қалып па? ” деген суық сұрақ қана келді. Суық сұраққа суық жауап “Бәріміз аман емеспіз”. Телефон тұтқасын қойған соң жалма-жан орнынан тұрып жедел жәрдемге, құтқару қызметіне қоңырау шалады. Қаладан шыққаннан кейінгі көпірдің маңына такси ұстап өзі де жетеді. Шығарма оқиғасы бір сағаттық уақыт екендігін жазады. Десе де көлік апатынан үшеуі де қайтыс болып кетіпті. Ең қызығы, өлген уақыты - бүгін таңертен. Шығарма тақырыбы осы жерден ашылады. бір сағат бұрын өзі телефонмен тілдескен жанның таңертең қайтыс болып кеткендігі қалай? Сонда қалай болғаны деген ой жанталасып туа берді. Тек бұл шығармасы ғана емес, Мәдина Омарованың барлық шығармасы дерлік осындай сарында жазылған қызығы көп туындылар.

Мәдина Омарованың “Қадір түні” атты жинағына жарты беттен аспайтын эссе-эпюдтары, әдебиеттану ғылымында қалыптасқан теориялық қағидаға қисыны келіңкіремейтін әңгімелері енген. Шағын мәтіндердегі автор мақсат тұтқан идея екі ауыз сөзбен шешіліп жатады. Қаламгердің тек өзіне тән жазу өрнегі, бейнелеу дағдысы оның дүниені танудағы тосын танымын танытады. Өмірдің өзінен ойып алған бір ғана сәттік суреттер кейіпкер тағдырындағы ұзақ жылғы шердің шешуші сәтіндей сезіледі. Аша іздеген бала деген әңгімесінде аты жоқ ағасы мен жеңгесі, аты аталмайтын анасы, өзінің де есімі белгісіз кейіпкер баланың тағдыры бір ғана жиырма тенге іздеу аясында баяндалады. Барлық бір әулеттің тағдыры, бүгінгі ауылдағы ана мен қаладағы бала отбасында кездесетін кәдімгі көпшілікке аян тағдырлар, тіршіліктер сөз болады. Бүгінгі өмірдің еш жасандылығы жоқ шындығы, шынайы өмірі осы азғантай абзацтарға сыйып кеткен. “Қысқа жазу- таланттылықтың белгісі” деген А.П. Чеховтың атақты сөзін еске алсақ, шынында да бір повестке жүк боларлық сюжеттің селін сығымдап бірер сезбен қайыру, әрі өте делділікпен, кәсіби шеберлікпен берілуі

куантарлық дүние. Бүгінгі таңдағы уақыты жоқ, ынтасы бар оқырмандардың талабы мен заман талабына сай ықшам да қысқа жазудың жетік жолын тапқан қаламгердің даралығын танытады. Тәсілі кұрғақ баяндап отырып-ақ жаныңды жауратар ауыр жағдайды, сүйек сырқыратар сезімді сыйлайды. Мадина Омарова дәстүрлі ұлттық ойлау, жазу машығынан мүлдем ажырап кетпесе де бүгінгі дәуір мен адамның тынысын, тіршілігін, табиғатын танытарлық шығармалар жаза алды. Мадина Омарованың шығармаларын қазақ әдебиетіндегі готикалық прозаның басы деп айтуға болады.

Қорытынды

Қазақ қоғамының тарихи бетбұрыстағы кезеңі – тәуелсіздік тұсында туған прозалық туындылар табиғаты күрделілігімен назар аудартады. Бұрын болып көрмеген тосын көркемдік амал-тәсілдерге бару арқылы қаламгерлердің көпке белгілі жағдайлардың өзін жаңаша суреттеуі жаңа заман оқырманының талабынан туып отыр. Әсіресе, ұлттық идеяны берудегі әлеуметтік символиканың ролі басымдық алуда. Ұлттық идеяға негізделген біршама дүниелер өмірге келді. Қазіргі қазақ прозасында қазақ халқының жадын жаңаша толықтырған “қасқыр-бөрі”, “ағаш-бәйтерек”, “үй-Отан-туған жұрт” т.б. ұғымдар әр қаламгерде әр тарапта көркемдік мән иеленген. Көптеген жаңа тарихи оқиғалар, мысалы, Желтоқсан оқиғасы мен оның қазақ халқының тағдырындағы қасіретті таңбасы алғаш рет зерттеу нысанына алынып отыр. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасындағы үлкен бір жаңалық – дін тақырыбы. Бұл – туған әдебиетімізде үлкен шектеуге ұшырап, әдебиет ішінен өз орнын ала алмай жүрген тақырып. Міне, осындай рухани мешеулік жайлаған атмосферадан кейін С.Досанов, Т.Ахметжан, Д.Амантай, А.Кемелбаева, Д.Рамазан, Е.Әбікен, т.б. қазақ қаламгерлері өте жаңашыл, ірі қадам жасады. Қаламгерлердің бірқатары – А.Кемелбаева мен Д.Амантайлар өздерінің дінге бет бұруын жалған бояулармен әсірелемей, ішкі болмысты таза қалпында көрсеткісі келеді. Ал, Д.Рамазан сынды жазушыларымыз дін тақырыбындағы сонылықты Құраннан тікелей аударма жасап, ремиссенция әдісіне жүгінеді. Сонымен қатар, Құранның ең қадірлі, ірі маңызды сүрелеріне үлкен мән беріп, Құранға үстірт мойын бұрмай, үлкен суреткерлікпен қарап жазған көркемсөз шеберлері де баршылық. Құран сүрелерінен үзінді келтіру арқылы дүниеге келген туындылар – автордың бар идеялық-эстетикалық тұжырым, байлауын көрсетеді.

XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың басындағы қазақ прозасы тәуелсіз Қазақстан әдебиетінің әлем өркениетіндегі классикалық үрдістер көрсеткіштерімен деңгейлес сипатымен бағалана алады. Қазақ әдебиеті шығармаларының ұлттық негізділігін сақтай отырып, әлем әдебиеті арналарымен бірге көркемдік дамудың жаңа жетістіктеріне жетуі жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан мәдениетінің мәңгілік тұғырын нығайта түседі. Бұл – қазақ сөз өнері дамуының мәңгілік шығармашылық қозғалыстағы жолы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Адамзат Өркениеті-Тарих Және Қазіргі Заман (2005). *Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары*, Алматы: Университет “Қайнар”.
- БАЙҒҰТ, М. (2009). *Оқу залы, Әңгімелер*, Алматы: ҚазАқпарат.
- ЕЛЕУКЕНОВ, Ш. (2012). *Көптомдық шығармалар жинағы*, Т. 6., Алматы: Қазығұрт.
- ҚАБДОЛОВ, З. (1983). *Сөз Өнері: Әдебиет Теориясының Негіздері*, Алматы: Мектеп.
- Қазақ әдебиеті. (2001). Алматы: Білім.
- Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар (2017). Алматы: Print Express.
- МАҒАУИН, М. (2007). *Шығармалар жинағы*, Алматы: Жазушы.
- НАЗАРБАЕВ, Н.Ә. (1996). *Ғасырлар тоғысында*, Алматы: Өнер.
- РАХЫМЖАНОВ, Т. (2012). *Романның көркемдік әлемі*, Алматы: Рауан.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ХАЛҚЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйіндеме

Мақалада Түркістан облысы халқының демографиялық мәселелері қарастырылған. Қазақстан Республикасының өз егемендігін жариялауы қоғамның барлық саласындағы күрделі өзгерістерге алып келді. Атап айтқанда саяси институттардың жұмысындағы орын алған ерекшеліктерден бастап, күнделікті өмірдегі өзгерістер аралығын қамтыды. Осы ретте анағұрлым өзгерістер республиканың демографиялық жағдайында байқалды. Өзге ұлт өкілдерінің өз тарихи отандарына оралуы – азаматтардың жаппай көші-қон үдерісін күшейтті. Сонымен қатар бала туу көрсеткіштерінің құлдырауы және өлім-жітімнің көбеюі сынды жағымсыз жайттар орын алды. Мұның басты себебі ел экономикасының дағдарысты көрсеткіштері және азаматтардың әлеуметтік жағдайының күрт төмендеп кетуімен тығыз байланысты еді. Бұл ретте алдымен мемлекеттің демографиялық ахуалдарды оңтайландыру тұжырымдамасын, жол картасы мен осы бағыттағы шараларды дұрыс таңдап, қолдануын атап өтуіміз қажет.

Кілт сөздер; Түркістан облысы, демография, экономика, сандық көрсеткіш,

ULUSLARARASI
TÜRK DÜNYASI
ARAŞTIRMALARI
DERGİSİ
INTERNATIONAL
JOURNAL OF
TURKISH WORLD
STUDIES
CİLT 4 / SAYI 2 /
NİSAN 2021

Sorumlu Yazar Corresponding Author

Досымова
ГУЛДЕРХАН
Магистрант, Өл-
Фараби атындағы
ҚазҰУ, Қазақстан,
Алматы,
gulderhan_87@mail.ru

Gönderim Tarihi Received

17.03.2021

Kabul Tarihi Accepted

29.03.2021

Atıf
ГУЛДЕРХАН,
Досымова (2021).
“Түркістан Облысы
Халқының
Демографиялық
Мәселелері”,
*Uluslararası Türk
Dünyası Araştırmaları
Dergisi*, (4/2), 77-86.

ARAŞTIRMA MAKALESİ
RESEARCH ARTICLE

көш-қон үдерісі.

DEMOGRAPHIC ISSUES OF THE POPULATION OF TURKESTAN REGION

Abstract

The article deals with demographic problems of the population of Turkestan region. The declaration of the Republic of Kazakhstan's sovereignty has led to serious changes in all spheres of society. In particular, it covered the range of changes in everyday life, starting with the existing differences in the work of political institutions. At the same time, the most significant changes were observed in the demographic situation of the Republic. The return of representatives of other nationalities to their historical homeland has intensified the process of mass migration of citizens. At the same time, there were negative aspects, such as a decline in the birth rate and an increase in the death rate. The main reason for this was the crisis indicators of the country's economy and a sharp decline in the social situation of citizens. At the same time, first of all, it is necessary to note the correct choice and application of the concept of optimizing the demographic situation, the roadmap and measures in this direction.

Keywords: Turkestan region, demographics, economy, quantitative indicators, migration processes.

Кіріспе

Еліміздің егемендігі тұсында Түркістан облысының халқының санындағы көрсеткіштер барлық аймақтар сынды түрлі өзгерістерге ұшырады. Алайда Түркістан облысының өзге аймақтармен салыстырғанда бірқатар ерекшеліктері бар екендігін де ескеруіміз керек. Бұл ерекшеліктер алдымен қлттық, мәдени, дәстүр, өндіріс, географиялық орта сынды бірқатар факторлармен сипатталады. Жалпылама алғанда Түркістан облысының тұрғындарының саны 1989 жылғы санақ бойынша 1 миллион 824 мың адамды құраса, 1999 жылғы санақ нәтижесінде 1 миллион 978 мың адамға өскен. Өз кезегінде халық санының жоғары өскендігін 2009 жылғы санақ қорытындысынан көреміз. Өйткені осы жылғы санақ бойынша халық саны 2 миллион 382 мың адамды құраған болатын (Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. 2009 жыл басына Қазақстан

Республикасы халқының облыстар, қалалар және аудандар бойынша саны, 2009: 47). Жоғарыда атап өткеніміздей Шымкент қаласы ірі қала ретінде бөлініп шыққанына қарамастан 2020 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша Түркістан облысының халық саны 1 983 969 мың адамды құрап отыр. Бұл келтірілген статистикалық мәліметтердің өзі Түркістан облысындағы демографиялық ахуалдың тұрақты даму үстінде екендігінің дәлелі болып табылады.

Түркістан облысының ауыл халқының сандық көрсеткіштерінің ұдайы өсуі әрине алдымен ауыл жердегі әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерінің жоғары екендігімен түсіндіруге болады. Сонымен қатар Түркістан облысы жақын және алыс шетелдерден қандас қазақтардың белсенді көшіп келетін аймағына айналғанына бірнеше жыл болды. Әрине кез-келген қоныс аударушы адам алдымен өзіне және отбасына, болашақта өз кәсібін ашуға мүмкіндік болатын жерді таңдайтыны сөзсіз. Сол себепті де географиялық ортасы адам баласына жайлы болатын Түркістан облысы қандас қазақтарды көптеп қызықтырады. Нәтижесінде Түркістан облысына шекаралас Өзбекстаннан ғана емес, сонымен қатар Түркия, Ауғанстан, Ираннан қандастарымыз қоныс аударуда. Географиялық ортаның қолайлығымен қатар, Түркістан облысы қазақтардың көптеп шоғырланған аймағы болып табылады. Өкінішке орай еліміздегі ресми тілді еркін меңгермегендіктен шетелдік қазақтар мемлекеттік тілді белсенді пайдаланатын дәл осы Түркістан облысының ауылды жерлеріне көптеп қоныстануда. Осының әсерінен ел егемендігінің алғашқы күндерінен-ақ Түркістан облысының ауыл тұрғындарының саны артып отыр. Жоғарыда келтірген мәліметтерімізге қосымша айтарымыз Түркістан облысының ауыл тұрғындары 1991 жылы ел егемендігін жариялаған тұста 110,9 мың адамды құраған болатын. жоғарыда атап өткеніміздей еліміз тәуелсіздікке ие болған тұста өзге ұлттар өз тарихи отандарында орала бастаған тұста демографиялық көрсеткіштер төмендеп кеткен болатын. Алайда 1999 жылы жүргізілген санақ қорытындысына қарасақ, Түркістан облысының ауыл халқы 1240,4 мыңға дейін өскен. Шамамен 12 пайызға өсім байқалған болатын.

2009 жылы жүргізілген халық санағына сай ауыл тұрғындарының саны 1508,9 мың адамды құрап, 1999 жылғы санақпен салыстырғанда едәуір өскендігі байқалады. 2010 жылы 1561,0 мың адамды құраса, 2014 жылы 1664 мың адам болып, 8 пайызға өскен (Қазақстан демографиясының жылнамалылығы. Статистикалық жинақ, 2014: 7-10).

Қоғам өміріндегі анағұрлым маңызды капиталдардың бірі сөзсіз адами капитал болып табылады. Қазіргі таңдағы мемлекетті тиімді басқарудың маңызды элементтердің бірі – осы адами капиталдың саны мен сапасына аймақтық және ұлттық дейгейде дұрыс баға беріп, сәйкесінше шаралар қабылдау болып табылады. Өйткені мемлекеттің осы бағыттағы қабылданатын тұжырымдары мен қаулыларының өз мақсатына толық жетіп, нәтижелі болуы алдымен аймақтардағы адам ресурстарының ұлттық белгілері, саны мен оның жасы, жынысы, білімі мен игерген мамандығы, экономикалық табысы сынды көрсеткіштерді дәл анықтаған жағдайда ғана мүмкін болмақ. Осы ретте Қазақстан Республикасының негізгі стратегиялық бағдарламалары тұрақты даму мақсаттарына жетуге бағытталған. Мысалы «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасы мен «Институционалды реформаларды жүзеге асыру бағытындағы жүз нақты қадам» сынды тағы да басқа стратегиялық бағдарламаларды атауға болады.

Қазақстан Республикасының тұрғындарының санының өсу қарқыны әр облыстарда әртүрлі болып табылады. Тәуелсіздік жылдарында демографиялық өсім көрсеткіштері байқалған облыстар қатарында дәл осы біз қарастырып отырған Түркістан облысы мен еліміздің батыс аймағындағы облыстарды атап өтуге болады. Мысалы ел егемендігі жылдарында Түркістан облысындағы тұрғындар саны 33,3 пайызға артқан екен. 1992 жылы Түркістан облысы бойынша халық санының өсімі 9 пайызды құраса, ал 2019 жылы бұл көрсеткіш 10,8 пайызды құраған болатын. Түркістан облысының халық санының ерекше қарқынды өскен жылдары ретінде 2012-2014 жылдар аталады. Бұл жылдары халық санының өсімі 11,9 пайызды құраған болатын. Бір қызығы осындай халық санының

өсіміне қарамастан Түркістан облысы еңбекке қабілетті емес тұрғындардың көптігімен ерекшеленеді. Бұл дегеніміз ақыл тоқтатқан тұрғындарға қарағанда балалардың көптігін білдіреді. 2020 жылғы көрсеткіш бойынша 16 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің үлес салмағы 39,6 пайызды құраған болатын. 7,1 пайыз тұрғындар еңбекке қабілетті жастан үлкен саналса, тек 53,3 пайыз тұрғындар еңбекке қабілетті болып табылатын жасты құрап отыр. Бұл жас шамасы әйелдер үшін 58 жасты құраса, ерлер үшін 63 жас болып табылады. Осы мәселеге арналған статистикалық мәліметтерді сараптай келе, Түркістан облысының 15 және 64 жас аралығындағы тұрғындарының үлес салмағының азаюы байқалады. Атап айтқанда 2010 жылы бұл азаю үдерісі 61,4 пайызды құраған болатын. Ал 2015 жылдың басында бұл көрсеткіш 59,7 пайызды көрсетсе, 2018 жылы 58,3 пайызға азайған болатын. Керісінше 15 жасқа дейінгі балалардың үлес салмағы өсе түскендігін байқауға болады. Мысалы 2010 жылы бұл өсім 34,6 пайызды құраса, 2018 жылы 37,3 пайызды көрсеткен. Салыстырмалы түрде алғанда бұл пайыздық көрсеткіш Қазақстан Республикасының өзге де облыстарының ішінде ең жоғарғысы болып табылады. Тағы бір атап өтетін жайт Түркістан облысының тұрғындарының 65 жастан асқандары халық санында ең аз үлесті құрап отыр (Социальный портрет самозанятого населения в южных регионах Республики Казахстан, 2019: 74-78). Атап өтетін бір жайт еңбекке қабілетті жандардың үлес салмағы бойынша Түркістан облысының тұрғындарының үлес салмағын ажырату маңызды. Мысалы Түркістан облысы Қазақстан Республикасының өзге де облыстарымен салыстырғанда еңбекке қабілетті адамдардың үлес салмағы жоғары болып табылады. Бұл алдымен еңбек жасына жетпеген адамдар мен еңбекке қабілет жасынан асқан тұрғындардың ара-қатынасын ескеру арқылы салыстырылды. Мысалы 2018 жылмен салыстырғанда 15 және 64 жас аралығындағы 1000 адамға шақсақ, еңбек жасына жетпегендер мен еңбек жасынан асқандардың ара-қатынасы 717 адамды құрап отыр. Әрине демографиялық өсімнің басты факторы туу көрсеткішіне тікелей байланысты. Ал Түркістан

облысындағы туу көрсеткіші 1000 адамға шақсақ 27,1 пайызды құрайды. Ал мемлекет бойынша жалпы бала туу көрсеткіші 21,64 пайыз екендігін ескерсек, бұл айтарлықтай жоғары көрсеткіш екендігіне көз жеткізуге болады. Өйткені мәселеге қатысты статистикалық мәліметтерді сараптай келе, Түркістан облысында көп балалы аналардың үлес салмағы жоғары екендігін байқаймыз. Тек төрт бала ғана емес, сонымен қатар бесінші, алтыншы сәбиін дүниеге әкеліп жатқан отбасылар көптеп табылады. Бір өкінішті жайт, осындай демографиялық өсімге қарамастан облыс көлемінде акушер-гинеколог мамандары азғ сәйкесінше облыс көлеміндегі аудандардың осы мамандармен қамтамасыз етілу дәрежесі өте төмен.

Түркістан облысы бойынша жастар арасында отбасы болу үдеріс дәрежесі қарқынды. Өйткені 15 пен 19 жас аралығындағы бойжеткендердің 1000 адамға шаққандағы бала туу көрсеткіші 30,1 пайызды құрайды. Тағы да атап өтетін жайт бұл көрсеткіш республиканың өзге де облыстарымен салыстырған жоғары болып саналады.

2018 жылдың қаңтар айындағы көрсеткішке мән берсек, Түркістан облысының халқы 2009 жылдағы халық санағымен салыстырмалы түрде қарағанда 111, 200 адамға көбейгенін байқауға болады. Ол дегеніміз 5,96 пайызды құрап отыр. Нәтижесінде Түркістан облысының халқының саны 1977000 адамды құраған. Әрине аталған облыс көлеміндегі халық саны тек қана қарқынды өсу ғана емес, сонымен қатар кему көрсеткіштері де байқалған жылдар болды. Оған әсер еткен факторлардың бірі әкімшілік бөліністер болып табылады. Мысалы 2014 жылда Түркістан облысына қарасты Ордабасы, Сайрам және Төле би аудандарындағы әкімшілік-территориялық қайта бөліністер нәтижесінде облыс халқының саны 120 мыңнан астам адамға қысқарған болатын. Сондай-ақ облыс көлеміндегі халықтың кему үдерісі 2010 жылы байқаған болатын. Осы жылы оның көрсеткіші 42000 шамасында болса, 2017 жылы да мұндай кему үдерісі байқалып, оның көрсеткіші 11 мыңдай адамды құрады. Керісінше 2010-2017 жылдар аралығында халықтың саны Созақ, Сарыағаш, Арыс, Кентау сынды қалаларда өсімі байқалды. Мысалы Созақта халық

саны 17,4 пайызды құраса, Сарығаш ауданында 17,2 пайыз, Арыс қаласы және оған қарасты ауылдардың тұрғын саны 17,4 пайызға, ал Кентау қаласы мен оған қарасты ауыл тұрғындарының саны 16,5 пайызға өскен болатын. Дәл осы жылдары облыс орталығы Түркістан қаласының тұрғындарының саны 13,8 пайызға өскен болатын.

Түркістан облысының демографиялық жағдайындағы бала туу мен өлім-жітім ара қатынасы мәселесі де назар аударарлық. Мысалы еліміз егемендік алған алғашқы жылдарында Түркістан облысы бойынша бала туу көрсеткіші 55 800 адам болса, сол жылдары өлгендердің жалпы саны 12400 адам болған. Демек осы ретте табиғи өсім көрсеткіштері 43 400-ді құрап отыр (Қазақстан демографиясының жылнамалылығы. Статистикалық жинақ, 2014:51-53) Халық санағы болған 1999 жылы Түркістан облысында 45, 2 мыңның үстінде адам дүниеге келсе, олардың ішінде 14,8 мың адамы қала тұрғындары болса, 30,3 мың адам ауыл тұрғындары болған. Сол жылы өлім-жітім көрсеткіші 13,5 адам болды. Соның ішінде 6,3 мың адам қала тұрғындары болса, 7,1 мың адам ауыл тұрғындары деп көрсетіледі. Байқағанымыздай ауыл тұрғындары арасында туу көрсеткіші екі есеге көп болғанымен, өлім-жітім көрсеткіші шамалас деңгейде болған. Мұның себептері әртүрлі болуы мүмкін. Ол әлеуметтік-экономикалық жағдайдан бастап, экологияға дейінгі аралықты қамтуы мүмкін. Дәл осы жылғы табиғи өсім көрсеткіші 31,7 мың адамды құрап отыр. Жоғарыдағы сөзіміздің айқын дәлелі осы табиғи өсім көрсеткішінде 8,5 мың адам қала тұрғындарына тиесілі болса, 23,2 мыңның үстіндегі адам ауыл тұрғындарына тиесілі болып отыр (Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі 2009жыл басында Қазақстан Республикасы халқының облыстар, қалалар және аудандар бойынша саны, 2009:50-59).

2009 жылы жүргізілген санақ қорытындысына мән беретін болсақ Түркістан облысы тұрғындары осы жылы 72,5 мың адамға көбейген. Дегенмен дәл осы жылы қайтыс болғандар саны 15,1 мың адамды құраған. Осы ретте табиғи өсім көрсеткіші 57,4 мың адамды қамтыған. Бұл көрсеткіштің 28,1 мың адамы қала тұрғындары болғанын

ескерсек, алдыңғы жылдармен салыстырғанда қала халқы арасындағы туу көрсеткіштерінде оң өзгерістер бар екендігіне көз жеткізуге болады. 2010 жылы Түркістан облысы бойынша дүниеге келген нәрестелер 78,4 мыңды құраса, өлім-жітім көрсеткіші 15,5 мың адамды қамтыды. Нәтижесінде табиғи өсім көрсеткіші 62,9 мың адамды құрап отыр. Дәл осындай өсім динамикасын 2011 жылдан да байқауға болады. Осы жылы 79, 4 мың адамға артса, өлгендердің саны 15,7 мың адамды құраған. Табиғи өсім көлемі 63,7 мың адамды құрап отыр. 2012 жылы да 80,1 мың адам дүниеге келсе, 15,2 мың адам өлгендер қатарында. Табиғи өсім көрсеткіші 64,9 мың адамды құрап отыр. 2013 жылы дүниеге келгендердің саны 82 мың адамды құраса, Түркістан облысы тұрғындарының 15,5 мың адамы сол жылы дүниеден озған. Табиғи өсім көрсеткіші 66,5 мың адамды құрап отыр. Ал 2014 жылы дүниеге келгендердің жалпы саны 82,4 мың адамды құраса, дүниеден озғандар саны 15 мың адам, сәйкесінше табиғи өсім көрсеткіші 67,5 мың адамды құрап отыр (Оңтүстік Қазақстан облысы халқының табиғи қозғалысы. 2014 қаңтар-желтоқсан айлары. – Шымкент, 2015:6). Кейінгі жылдар көрсеткендей орын алған әкімшілік-территориялық бөліністер нәтижесінде Шымкент қаласы бөлек әкімшілік бірлік ретінде бөлініп шыққаннан кейін, оның құрамына бірқатар ауылда мен елді-мекендер бөлініп берілді. Нәтижесінде туу көрсеткіштерінде бірқатар өзгерістер орын алғаны жасырын емес. Мысалы 2019 жылдың қорытындысы бойынша Түркістан облысында 55 845 бала дүние есігін ашқан. 2014 жылмен салыстырғанда 26 мыңға кем екендігін байқаймыз. Дегенмен осы көрсеткіштің өзі бойынша Түркістан облысын табиғи өсім көрсеткіші бойынша республиканың өзге де облыстарынан озып тұр (Елшібай, 2020: 2).

Қорытынды

Осы бағыттағы зерттеу жұмыстары мен арнайы статистикалық мәліметтерді сараптай келе, Түркістан облысындағы демографиялық ахуалды одан әрі оңтайландыру үшін бірқатар ұсыныстар жасауға болады:

- Көп балалы отбасыларды материалдық қолдау арқылы халықтың табиғи өсіміне жағдай жасау;
- Жас отбасыларға арналған түрлі игіліктерге қол жеткізу мүмкіндігін беретін бағдарламаларды жүзеге асыру;
- Жасөспірім мен жастарға отбасылық құндылықтарды насихаттайтын шараларды жүйелі жүргізіп, отбасылық институтты нығайту;
- Жастарды жаңа жұмыс орындарын белсенді тарту, жоғары оқу орындарын замануи техникалық мүмкіндіктерін арттыра отырып, олардың өзге аймақтарға көшу үдерісін азайту деп қорытынды жасаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Демографический ежегодник Казахстана, Статистический сборник (2010). Астана.
- ЕЛШІБАЙ, Ғ. (2020). “Түркістан облысы табиғи өсім бойынша бірінші орында”, *Егемен Қазақстан газеті*, (10 ақпан), 18, s. 2-5.
- Қазақстан Демографиясының Жылнамалылығы, Статистикалық Жинақ (2014). Астана: Жарқын ҚО.
- Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі (2009). *Жыл Басында Қазақстан Республикасы Халқының Облыстар, Қалалар Және Аудандар Бойынша Саны*.
- Оңтүстік Қазақстан облысы халқының табиғи қозғалысы 2014 қаңтар-желтоқсан айлары (2015). Шымкент.
- Социальный портрет самозанятого населения в южных регионах Республики Казахстан (2019). Алматы: Казстатинформ.

ҚАЗАҚСТАНДА ЛАТЫН ӘЛПБИІНІҢ ЕНГІЗІЛУІ: НӘТИЖЕЛЕРІ, ТАРИХИ САБАҚТАРЫ

*«Латын қарпі - біздің бүгінгі тарихи
кезеңге сәйкес қазақ тілі үшін ең оңтайлы
таңба»*

М. Әуезов

Түйіндеме

Аталған мақалада Қазақстанда латын әліпбиінің енгізілуі мен оның барысы және тарихи сабақтары негізделген. Қалыптасқан Қазақстан елінде қазақ тілінің аясын кеңейту мен әлемдік технологиялық даму үрдісіне оңтайлы жазу емлесі болуына орай латын әліпбиін енгізу қажеттілігі айтыла отырып, оның бұған дейін қазақ елінде қолданыста болғандығы туралы мәселе аталып өтілген. XX ғасырдың 20-30 жылдары латын әліпбиінің енгізілуі мен оған қатысты тартыстар талдана отырып, оның тарихи сабақтары, қазақ зиялыларының қазақ болашағықазақ болашағын күресі, соған орай өткізілген съездер мен оның қорытындылары баяндалады.

Кілт сөздер: латын әліпбиі, ескішілдер, жаңашылдар, еміле, арабшылдар, латыншылдар.

INTRODUCTION OF THE LATIN ALPHABET IN KAZAKHSTAN: RESULTS, HISTORICAL LESSONS

ULUSLARARASI TÜRK
DÜNYASI ARAŞTIRMA-
LARI DERGİSİ
INTERNATIONAL
JOURNAL OF TURKISH
WORLD STUDIES
CİLT 4 / SAYI 2 / NİSAN
2021

Sorumlu Yazar Corresponding Author

Г. Е. Абикенова, Қ.
Ахметжанов
әл-Фараби атындағы
ҚазҰу-нің
қауымдастырған
профессоры, т.ғ.к.
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-нің 2 курс
магистранты

Gönderim Tarihi

Received

17.03.2021

Kabul Tarihi

Accepted

29.03.2021

Atıf

АБИКЕНОВА, Г. Е.,
АХМЕТЖАНОВ, Қ.
(2021). “Қазақстанда
Латын Әліпбиінің
Енгізілуі: Нәтижелері,
Тарихи Сабақтары”,
*Uluslararası Türk
Dünyası Araştırmaları
Dergisi*, (4/2), 87 - 98.

ARAŞTIRMA
MAKALESİ
RESEARCH ARTICLE

Abstract

This article is based on the introduction of the Latin alphabet in Kazakhstan and its course and historical lessons. The need to expand the scope of the Kazakh language in the established country of Kazakhstan and the introduction of the Latin alphabet due to the optimal spelling in the process of global technological development was noted, as was the issue of its previous use in Kazakhstan. Analyzing the introduction of the Latin alphabet in the 20-30s of the twentieth century and the controversy surrounding it, its historical lessons, the struggle of the Kazakh intelligentsia for the Kazakh future, the congresses held in this regard and its results are described.

Key words: Latin alphabet, old-fashioned, innovative, arabic, latin.

Кіріспе

Әлемдік қауымдастықтың тең құқықты мүшесі болған жоғары экономикалық, ғылыми, мәдени және адами әлеуеті мол Қазақстанның ұлттық бет-бейнес мен болмысын сақтай отырып, оның әрі қарай дамуы ендігі тұста еліміздің жаһандану үрдісіне тереңдей және кеңінен енуін талап етуде. Аталған істе қазақ жазуын латын әрпіне көшірудің маңыздылығы зор және ол іс атқарылып отыр және Қазақстан латын графикасы негізіндегі әліпби арқылы әлемдік коммуникация кеңістігіне енуге күш салуда. Елімізде латын әліпбиіне көшірудің ғылыми негіздерін нақтылауда Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың 2015 жылғы «Ұлт жоспары бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы» бағдарламасы, 2007 жылғы 27 ақпанда жарияланған «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Жолдауы мен 2006 жылдың қазанындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында Қазақстан халқының рухани дамуы және үш тұғырлы тіл саясаты туралы айтқан ой-пікірлері басшылыққа алынғаны белгілі (Назарбаев, 2017: 50).

Латын қарпіне көшіру бұғанға дейін коммунистік жүйеде Ұлттар көсемі болған В.И. Лениннің «Егер мен латын әліпбиін енгізсем, онда ол менің Шығыстағы екінші революциям» деген пікірінен кейінгі тұста, яғни ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарында қолға алынған болатын. Десек те ол шығыс елінің болашағы үшін емес,

орыстандыру саясатын бірден енгізу ісіне аз да болса саяси тұрғыдан дайындаудың кезекті жолы ғана болды. Алайда аз ғана сауатты халқы бар, рухани құндылықтар жүйесін толық негіздеп болмаған түркі халықтары, болса да қазақ елі үшін ол үлкен мәселе туғызды. Осы кезеңде Қазақстанда латын әліпбиінің енгізілуі мен оның тарихи сабақтары бүгінгі күннің таңбалану стихиясына айналғаны хақ.

1920 жылдың соңына қарай жаңа әліпбиге көшуге мәселеде бірқатар таластар, қайшылықтар орын алып жатты. Олардың барлығы да қазақ болашағы мен өткеніне қатысты тартысты ойлардан туындады. Тіпті олар «ескішілдер» мен «жаңашылдардың» талас алаңына айналды. Латын қарпін енгізуге байланысты «Еңбекші қазақ», «Жаршы», «Жаңа мектеп», «Қызыл Қазақстан» сынды түрлі басылым беттерінде түрлі ойлар мен пікірлер басылып жатты. Қазақ болашағы үшін Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Елдес Омарұлы, Міржақып Дулатұлы, Нәзір Төрекұлұлы, Әбдірахман Байділдаұлы. Телжан Шонанұлы сынды зиялылар тобы латын тілін енгізу мен ондағы қиындықтар туралы түрлі пікір-таластар туғызды. Барін де болашақ қазақ әліпбиі мен оның болашағы толғандырып жатты. Мәселен, Ж. Аймауытұлы «Емле, әріп жайында», «Емлені өзгертуге жоба», «Тағы да емле туралы», А. Байтұрсынұлы «Қазақстан мен Қазағыстан туралы», «Емле туралы», М. Дулатұлы «Емле өзгерту жайында», Н. Зәлиұлы «Қазақша жазу туралы жаңа ережелер», Е. Омаров «Айнымалы дыбыстардың жазылу мәселелері», Т. Шонанов «Шет сөздердің емлесі жайында» сынды т.б. еңбектер жарық көрді (Досмұхамедов, 1924: 14-48).

Десек те қоғамның барлық салаларына қатаң бақылау орнатуға тырысқан Кеңестік билік большевиктер партиясының саяси доктринасы мен мүддесіне жауап бере алатын жаңа ортақ жазу үлгісін іздестірумен айналысты. КСРО-дағы бұл процестің қиындығына Кеңес мемлекетіне Ресей империясынан мұра ретінде қалған тілдік кеңістіктің әр алуандығы және әр түрлілігі тікелей әсер етті. Сондықтан, большевиктер қолданыстағы араб графикасын дінмен, сондай-ақ еңбекші халықты қанап келген патшалық

режиммен және Орта Азиядағы хандықтармен байланыстырып, одан қол үзу жолдарын іздестірді. Сондықтан да, кеңестік қайта құрулардың бастапқы кезеңінде халықтардың жазуларын бірыңғайландыру және жанарту мәселесінде әлемдік революцияның жеңісіне сенген партия басшылары интернационалды әліпби ретінде латын жазуын қолданысқа енгізуді жоспарлап, оған болашақтың жазуы немесе «революция әліпбиі» ретінде қарады. Осы себептен кеңес билігінің алғашқы жылдарында кириллицаны қолданған славян халықтарына латын жазуын енгізу мүмкіндіктері қарастырылды. Алғаш ұсыныс білдіргендердің қатарында РКФСР Ағарту халық комиссары А.В. Луначарский, танымал ғалымдар Н.Ф. Яковлев, Н.В. Юшманов және т.б. тілтанушылар болды. Олар латын жазуын бүкіл Ресей территориясын мекен еткен халықтар үшін жаппай енгізу қажеттігі туралы өз ұсыныстарын алға тартты (Первый Всесоюзный Тюркологический Съезд, 2011: 220-225).

Латындандыру ісін түркі халықтарынан бастау көзделіп, оның көшбасында Әзербайжан елі тұрды. Мұнда 1922 жылы С. Ағамалы-Оғлы басшылығымен латыншылардың арнайы комиссиясы құрылып, комиссия жұмысының нәтижесінде латын қарпінің негізіндегі әліпби құрастырылып шығарылды. Комиссия ұсынған әліпбиде әрбір дыбысқа жеке әріп сәйкес келіп, олардың баспа және қолмен жазылатын нұсқалары, атаулары және араб графикасына сай келуі көрсетілді. Түрлі тартыстар иен пікірлерден соң Әзербайжанда әліпбидің жаңа жобасы бекітіліп, 1922 жылдың 21 шілдесінде оны қолданысқа енгізумен айналысатын Жаңа түркі әліпбиінің комитетін құрды (Первый Всесоюзный Тюркологический Съезд, 2011). 1924 жылы С. Ағамалыоғлы бастаған Жаңа түрік әліпбиі комитетінің арнайы делегациясы Симферополь, Ташкент, Уфа, Орынбор және Қазан қалаларына сапар шегіп, көптеген зиялы қауым өкілдерімен тіл құрылысы мәселелері бойынша талқылаулар мен пікір алмасуларды (Феокистов, 1926: 56-95). КСРО-ның жекелеген республикалары мен облыстарында латындандыру үдерісі біртіндеп қарқын ала бастаған шақта, Қазақстанда

керісінше, XX ғасырдың 20-жылдардың басында жаңа түркі емлесіне көшуге қарсылық таныту, қазақ елінің бұғанға дейін әзер дегенде жинақталған рухани хатқа түскен мұраларын жоғалтып алмау туралы мәселелер көтерілді. Нәтижесінде түрлі аймақтарда жауапты мемлекеттік қызметтерде, түрлі ғылыми мекемелерде, ағарту және білім, мәдениет және өнер салаларында, мерзімді баспасөзде еңбек етіп жүрген қазақ қайраткерлерінің латындандыру мәселесіне қатысты көзқарастары бірыңғай болмады. Мәселен, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов сынды танымал қазақ ғалымдары бастаған «арабшылар» тобы ескі жазбада қалуды жақтап, оны жан-жақты жетілдіру және дамыту қажеттілігін қолдаған болса, ал Шығыс халықтарының Орталық баспасы басқармасының төрағасы, Шығыстану ғылыми ассоциациясының мүшесі Н. Төреқұлов, Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариаты жанындағы академиялық орталықтың мүшесі, белгілі тілтанушы Т. Шонанов жетекшілігіндегі «латыншылар» тобы оқу-ағарту саласы үшін күрделі әрі қолайсыз, ескірген, қолдану аясы тар, баспа ісі үшін шығынды араб жазуының орнына заманауи латын қарпін енгізуді жақтады. Латын жазуына көшу жөнінде екі топ арасындағы қызу пікірталас алдымен ұлттық баспасөз беттерінде, әсіресе «Еңбекші қазақ» газетінің беттерінде орын алып, артынан бірнеше арнайы басқосулар мен жиындарда жалғасты.

Алайда араб жазуын латындандыру мәселесі бойынша қазақ қайраткерлері арасында орын алып отырған қайшылықты көзқарастарды жойып, ортақ ұстаным мен пікірді қалыптастыру мақсатында Қазақ АКСР-нің Ағарту халық комиссариаты 1924 жылы 12-17 маусымда Орынбор қаласында Қазақ білімпаздарының I съезін ұйымдастырды. Бұл съезге Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, М. Жолдыбаев, Н. Төреқұлов, А. Кенжин, Е. Омаров, Н. Залиев, М. Саматов, М. Мұрзин сынды қазақтың белді ғалымдары мен қайраткерлері қатысты. Сондай-ақ съезд жұмысына Қырғызстаннан арнайы шақырылған танымал ағартушы И. Арабаев та белсене араласты. Съезде арабшылар мен латыншылар арасындағы пікірталас пен тартыс өз жалғасын тауып, өткір сипатта

өрбіді. Әр топтың өкілдері өз ойларын ортаға салды. Мәселен, Ахмет айтұрсынов бастаған «арабшылар» съезде «қазақ әліпбиін латындандыру идеясынан біржолата бас тарту қажет» деген пікір білдірген болса, Н. Төреқұлов латын қарпінің басымдықтарын негіздеуге күш салып, жаңа емлеге өтуді сатылап, жүйелі түрде жүргізу қажеттілігіне назар аударды. Съездің қорытындысында қазақ тілі мен әдебиетінің ғылыми жүйесі, әсіресе әліпби, орфография, терминология, оқыту әдістемесі, ономастика т.б. салалар бойынша маңызды қаулылар қабылданды (Шонанов, 1926: 37-49). Съезд делегаттары латын графикасына көшу мәселесі және қазақ тілінің болашақтағы жазу үлгісі бойынша ортақ шешімге келе алмады. Қайта керісінше, съезд Қазақстан жағдайында тілдік реформаларды жүргізуден гөрі араб графикасының негізінде А. Байтұрсынов құрастырылған әліпбиді – «төте жазуды» қолдануды жалғастыру, оны одан әрі жетілдіру қажет деп тапты. Дегенмен, латындандыру мәселесі бұрынғысынша күн тәртібінде тұрды. Съезд қарарларының бірінде республиканың Ағарту халық комиссариатының Академиялық орталығына латын графикасына көшу мүмкіндігін тиянақты және жан-жақты зерттеу қажеттігі туралы ұсыныс айтылды (Даудов, 2011: 8). Осылайша, Орынборда өткен съезд жазба реформасына қатысты пікірталасты тоқтата алмай, I Түркітану съезіне дейін өрбіді. Орынбордағы Қазақ білімпаздарының I съезінде тиісті қолдау таппаған латыншылар латын жазуы артықшылықтарының жаңа дәлелдемелерін іздестіруге, жазба реформасын жүргізудің және Өзербайжанның тәжірибесін ұтымды пайдаланудың қажеттігін негіздеуге күш салды. Қазақ латыншыларының өкілі Н. Төреқұлов осы бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қазақ тіліне бейімделген латын әліпбиінің нұсқасын, сондай-ақ КСРО-да латын қарпіне өту мәселесінің тарихына қатысты шолуын 1924 жылы Мәскеуде жарық көрген «Жаңа әліпби неге керек» атты еңбегінде ұсынды.

Бұл кітапша «латыншылар» мен «арабшылар» арасындағы пікірталастың жаңа толқының туындатты. 1924 жылы Түркістан республикасының Ағарту халық

комиссариатында қызмет еткен Х. Досмұхамедов «Ақ жол» газетінде «Қазақ тіліне латын харфін алу мәселесі» атты мақаласын жариялады. Х. Досмұхамедов латын графикасына көшуге қарсы пікірде болғанымен, өз бетімен құрастырып шыққан латын әліпбиінің нұсқасын көпшіліктің назарына ұсынып, латын әріптері жүйесінің негізінде «әр дыбысқа жеке әріп» ұстанымын қатаң сақтау қиынға соғатыны туралы қорытындыға келді. Кеңес тұсында қазақ тілін латын графикасына көшіруге қарсылық танытқан қазақ қайраткерлеріне сол кезде үстем етіп отырған идеологияның салдарынан түрліше күйе жағу үрдісі орын алғаны белгілі. Оның өз себептері де болғаны түсінікті. Өйткені, Қазақстанда латыншыларға идеялық қарсылас атанған арабшылардың басым бөлігі – А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Е. Омаров, Х. Досмұхамедов сынды Алаш қозғалысының белді өкілдері немесе олармен түрліше байланыста болған қайраткерлер еді. Тіл мәселесі бойынша баспасөз беттерінде де, түрлі алқалы жиындарда да орын алған пікірталастар мен тартыстарда латыншылар жаңа емлеге көшуге наразылық танытқан кертартпа іс-қимылдарды кеңес мемлекетінің мәдени құрылыс бағытында жүргізіп отырған саясатына қарсылық ретінде көрсеткісі келді. Латыншылар Қазақстанның ішінде сан жағынан аз болғанын және латын әліпбиін енгізуді қолдаған қайраткерлердің басым бөлігі Орталықта (Мәскеуде) қызмет атқарғандықтары туралы айта кеткен де орынды. Қазақ қайраткерлерінің жекелеген тобының тіл құрылысы, соның ішінде қазақ әліпбиіне негіз болатын жазба үлгісін таңдау мәселесінде өзіндік қарсылық пен қолдауға байланысты пікірлердің бар болуы оңды еді.

«Латыншылар» мен «арабшылардың» тартысы қарқынды түрде жүріп жатқан шақта, КСРО басшылары Орта Азияда ұлттық-мемлекеттік межелеуді іс жүзіне асырды. Оның қорытындысы бойынша, Қазақ АКСР-не бұған дейін Түркістан АКСР-нің құрамында болған екі қазақ облысы – Сырдария мен Жетісу қосылып, ол өз территориясы мен халқы саны жағынан РКФСР-дың құрамына кірген түркітілдес автономиялы республикалардың ішінен ең ірісіне айналды. Сондықтан

да, латын қарпіне көшу кезінде Өзербайжанның тіл құрылысындағы тәжірибесін үлгі ретінде пайдаланумен қатар, көптеген элеуметтік-экономикалық және этномәдени факторларды ескеру шарт еді. Демек, латындандыруға қатысты туындаған қаржылық, ұйымдастырушылық, мәдени, кадрлық, әдіснамалық және басқа да қауіптердің көбісі негізсіз емес болатын. Оның үстіне, өз жазулары мен әліпбиі, дамыған әдеби тілдері жоқ КСРО-ның «кіші халықтары» және этностарымен салыстырғанда қазақтар араб әріптерінің негізінде түзілген, қолданысқа енген А. Байтұрсыновтың әліпбиін бірнеше жыл бойы ағарту және білім, баспа және баспасөз, оқулықтар жазу және оларды жарыққа шығару салаларында жан-жақты әрі табысты түрде пайдаланып келді. Осы себептен «латыншылар» Қазақстандағы «арабшылардың» қарсылығын басуда түркітанушылар съезіне үміт артқаны белгілі еді. 1926 жылы 26 ақпанда Бакуде ашылған I Жалпыодақтық түркітану съезіне Солтүстік Кавказдың, Сібірдің, Якутияның, Татарстанның, Қазақстан мен Орталық Азияның ғылыми және қоғамдық ұйымдарының атынан 111 өкіл, сондай-ақ арнайы шақырту бойынша Ираннан, Түркиядан, Германиядан, Австриядан, Венгриядан, КСРО және Украина ғылым академияларынан, Шығыстану ғылыми ассоциациясынан келген 20 ғалым қатынасты. Съездің жұмысына тіл мамандарымен қатар, партия және кеңес органдарының, өнер, әдебиет, ағарту ісі мен білім беру саласының қызметкерлері белсене араласты. Бұл съезге Қазақстаннан Е. Омаров, Б. Сүлеев, Ә. Байсейітов қатысқан болса, ал Татарстанның шақыруымен келген А. Байтұрсынов съезд төралқалығына сайланды. Сонымен қатар, съезге Шығыстану ассоциациясының төралқа мүшесі Н. Төрөқұлов Орталықтың өкілі ретінде қатысты. Бағдарламаға сәйкес делегаттар 17 мәжіліс барысында КСРО-дағы түркітану мен тіл құрылысының әр түрлі мәселелеріне арналған 38 баяндаманы талқыға салды (Абикинова, 2016: 59-59). Съездің күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бастысы – түркі тілдес халықтардың жазуларын латын графикасына көшіру мүмкіндігін қарастыру еді. Бұл мәселе төңірегінде делегаттар арасында

қызу пікірталастар орын алды. Съезде қазақ және татар делегаттары бірлесе отырып, түркітілдес халықтарға латын қарпіне көшудің және ортақ әліпбидің енгізудің қажеті жоқ деген ұстанымда болды. Съезде қазақ «латыншылары» мен «арабшылары», ең алдымен Н. Төреқұлов пен А. Байтұрсынов арасындағы талас-тартыс өз жалғасын тапты. 1926 жылы 3 наурызда сөз сөйлеген Н. Төреқұлов қазақ және татар делегаттарының араб жазуын реформалауға (ислахшылар), бір-бірінен ерекшеленетін әліпбиді енгізуге күш салғаннан гөрі, КСРО-ның түркі тілдес халықтарын біріктіретін ортақ латын қарпін құрастыруға ат салысуға шақырды. Өйткені, «ескі жазба тарихта қалып, оның тарапынан сынға ұшырады» (Гатагова, Кошелева, Роговая, 2005: 75). Келесі күні өткен мәжілісте Н. Төреқұловтың қарсыласы болған А. Байтұрсынов: «Біз әліпбиді өзгерту туралы мәселені ол жоқ болған жағдайда немесе сәтсіз жасалынған кезде ғана қоя аламыз. Алайда, әліпби бізде бар, сондықтан бізге басқа әліпбиге көшу қажет емес. Егер біздің әліпби нашар болған жағдайда, бұл өз алдына жеке мәселе, алайда, екі әліпбиді салыстыра отырып ешкім нақ осы латын әліпбиі ерекше бір артықшылықтарға ие екендігін дәлелдеп бермеді... Бүгінде біз, қазақтар, озық жазу емлесіне ие болып отырмыз» (Байтұрсынұлы, 2006: 55-62). Оның пікірінше, латын қарпіндегі қазақ тілінің жетік әліпбиін құрастырып шығу көп күш пен уақыт талап ететіндігіне назар аударды, мұндай әліпби құрастырылған кезде қазақ тілінің фонетикалық жазу емлесі қаншалықты дұрыс көрініс табатындығына күмән білдірді. Съезден кейін Н. Төреқұлов «Советская степь» газетінде жарияланған мақаласында А. Байтұрсынұлы бастаған арабшылдардың пікірін сынға алады (Байтұрсынұлы, 2006: 28-29). Съезге қатысушылардың басым бөлігі КСРО-ның түркітілдес халықтары үшін ортақ жаңа әліпбиді және жазуы жоқ халықтар үшін латын жазбасын енгізу идеясына қолдау көрсетті. Съезде баяндама жасаған көптеген ғалымдар мен қызметкерлер бұл көшу кезінде қиындықтар болатындығын атап өткенімен, олар араб графикасынан гөрі латын әліпбиіне басымдық беретінін айтты. Қазақ және Татар республикасы өкілдерінің қарсылығына қарамастан, съезге

қатынасқан 131 делегаттың ішінен 101-і жаңа емлені қабылдау қажет деп дауыс берді. Дегенмен, съезд қабылдаған қарарда «жекелеген түркі-татар республикалары мен облыстарында жаңа емлені енгізу және бұл шараны жүзеге асыру жолдары әрбір халықтың және республиканың өз ісі» деп танылатындығы жайлы айтылды.

Бұл органды съезден кейін құру жоспарланғанымен Әзербайжан қайраткерлерінің шұғыл түрде істі өз қолына алуына байланысты Әзербайжанның жаңа әліпби комитетіне ұлттық республикалардың бірқатар өкілдері кіргізіліп, ол болашақта Бүкілодақтық жаңа түрік әліпбиінің Орталық Комитетінің өзегін құрады. Осылайша, Н. Төрөқұлов бастаған қазақ латыншыларының үміті ақталып, I Түркітанушылар съезді КСРО-дағы латындандыру үдерісіне жаңа қарқын берді. Бакуде съезд аяқталғаннан кейін Қазақстанда латын қарпіне өту мәселесін баспасөзде талқылау қайта жанданды. Бұл талқылауға қазақ қайраткерлерімен қоса орыс тілді қызметкерлер де тартыла бастады. Орталық баспасөзде тіл және латын әліпбиі мәселесі жөнінде Н. Феоктистовтың, П. Михеевтің және тағы басқалардың мақалалары жарық көрді (Стенографический отчет первого пленума Всесоюзного Центрального Комитета нового тюркского алфавита, заседавшего в Баку, 119-129). Латындандыру мәселесінде кенже қалып қойған Қазақстанда 1926 жылы «Қазақ латын әліпбиінің қоғамы» құрылып, оның басшылығына Т. Шонанов тағайындалды. Соған қарамастан латын қарпіне өту ісінде айтарлықтай ілгерілеу байқалмады. А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Е. Омаров жетекшілігендегі «арабшылар» тобы бұрынғысынша араб графикасының негізіндегі қазақ әліпбиін қорғап, баспасөз беттерінде латын қарпіне өтудің қажетсіздігін дәлелдеуді жалғастырды. Бұл уақытта Орталықта жауапты қызметтерде болған қазақ қайраткерлері латын графикасының негізіндегі жаңа түркі әліпбиіне көшу ісіне бел шеше араласады. Олардың қатарында Н. Төрөқұловпен қатар, РКФСР БОАК Төралқасы хатшысының орынбасары, Ұлттар бөлімінің меңгерушісі С. Асфендиаров, РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары Т. Рысқұлов, кейіннен

РКФСР БОАК Төралқасының мүшесі Ә. Досов кірді. 1926 жылы 12-24 сәуір аралығында III шақырылған КСРО Орталық Атқару Комитетінің II сессиясына қатынасу үшін келген ұлт аймақтарының өкілдерімен ұлт және тіл мәселесі бойынша С. Ағамалы-оғлы және КСРО ОАК Ұлттар Кеңесінің хатшысы С. Асфендиаров арнайы кеңес өткізді. Бұл кеңесте түркі халықтарының жаңа емлеге көшіруге жауапты болатын орталық органды құру қажеттілігі мойындалып, тиісті шешім шығару үшін қосымша арнайы жиын ұйымдастыру көзделді. Бұл бағыттағы жұмыстардың қорытындысы ретінде Жаңа түркі әліпбиінің Бүкілодақтық комитетін (ЖТӘ БК) құру мәселесі 1926 жылы қазан-қараша айларында БКП (б) XV конференциясында талқыға салынады.

Білал Малдыбайұлы араб жазуында нүктелердің болуын кемшілік ретінде көрсете келіп, жаңа графикаға үйретуде мынадай жол ұсынады: «Латын әліпбиімен ірі жазуға дағдыландырып, артынан ұсақ жазуға көшсек, екі жазудың түрі бірдей бо- лып кетеді». Яғни сауаттанушылар алдымен латын әріптерін өте ірі етіп жазып, біраз үйренген соң ұсақ етіп жазуға дағдылану керектігін айтады (Жургенев, 1935: 123).

Қорытынды

1927 жылы «Әліппе айтысы» (Әліппе туралы пікір-талас) кітабында жарияланған араб графикасына негізделген әліпбидің маңызы туралы баяндамада Байтұрсынов араб графикасының өміршеңдігін дәлелдеуді жалғастырды. Ол араб немесе латын графикасының әліпби құру, емле қағидаттарын әзірлеу, жариялау үшін қол жетімділігі немесе қабылданбауы, ең аз дегенде, графиканың өздеріне байланысты екенін жазды. Десек те, қазақ зиялыларының қай-қайсысы болмасын қазақ тілінің болашағын ойлап, осы жолда бірігіп жұмыс жасауға тырысты. Алайда, бұл да уақытша кеңестік саясаттың бір түйінді жұмысы ретінде ғана көрініс беріп, XX ғасырдың 40-шы жылдарына қарай кирилицаға өтіп, барлық қазақ тілінің, жалпы түркі тілдерінің ортақ мүддесіне балта шабылған еді.

Бүгінде еліміз индустриалды-инновациялық қоғам құра отырып, болашаққа нық қадам басып «Рухани жаңғыру» «Мәңгілік ел» идеяларын негіздей отырып, қазақ жастарын отансүйгіштікке, білімділікке шақырған тұста, қазақ тілінің болашағы таразыға түскен тұста латын әліпбиіне көшу өте орынды және ол өміршең болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- АБИКЕНОВА, Г. Е. (2016). *XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстанда тарих ғылымының қалыптасуы және дамуы*, Алматы: Қазақ университеті.
- БАЙТҰРСЫНҰЛЫ, А. (2006). *Түзетілген әріп (Көптомдық шығармалар жинағы)*, Алматы: Алаш баспасы.
- ГАТАГОВА, Л. С., Кошелева, Л. П., Роговая, Л. А. (2005). *1918-1933 ЦК РКП (б) – ВКП (б) и национальный вопрос*, Москва: РОССПЭН (Книга 1).
- ДАУДОВ, А. Х., Мамышева, Е. П. (2011). "Из истории латинизации национальных алфавитов СССР", *Вестник СПбГУ*, 2, s. 8.
- ДОСМҰХАМЕДОВ, Х. (1924). "Қазақ тіліне латын харфін алу мәселесі", *Ақ жол*, 4, s. 35.
- ЖУРГЕНЕВ, Т. К. (1935). "Вопросы терминологии казахского языка", *Большевик Казахстана*, 6, s. 44-51.
- НАЗАРБАЕВ, Н. А. (2017). "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру газеті", *Егемен Қазақстан*, (12 апреля), s. 1-2.
- Первый Всесоюзный Тюркологический Съезд, (2011). Баку: Нагыл Еви.
- Первый Всесоюзный Тюркологический Съезд, (2011). Баку: Нагыл Еви.
- Стенографический отчет первого пленума Всесоюзного Центрального Комитета нового тюркского алфавита, заседавшего в Баку, (1927). Москва: Всесоюзного Центрального Комитета нового тюркского алфавита.
- ФЕОКТИСТОВ, Н. О., Михеев, П. (1926). *Перемене транскрипции (о порядке постановки вопроса)*, Советская степь.
- ШОНАНОВ, Т. (1926). *К вопросу о переходе на латинский алфавит (История вопроса. Почему добиваемся перехода на латинский алфавит. Подводные камни. Перспектива будущего)*, Советская степь.

ИТАЛИЯНЫҢ БІРІГУІНЕ ДЕЙІНГІ ИТАЛЬЯНДЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ АРХИВ ІСІ

Түйіндеме

Мақалада Италиядағы архив ісінің қалыптасуы мен даму тарихы, қызметтері жайлы айтылады. Италияның бір мемлекетке қосылғанға дейінгі архив ісінің қалыптасып, дамып, жаңа деңгейіне көшуі сөз етіледі. Архив ісінің компоненттері, құжаттарды жинау, сақтау, каталогтау, қорландыру, бір ретке келтіру және т.б. жүргізілген жұмыстар жайлы жазылады. Италияның бір мемлекетке бірігуіне дейінгі кезеңдегі архив ісіндегі орын алған қиыншылықтар мен артта қалушылық мәселелері жазылады.

Сонымен қатар, мақалада Италияның бірігуіне дейінгі архивтерінің басқарушылық қызметтері, міндеті, мақсаттары мен рөлдері кеңінен қамтылған. Сол себепті архивтік мекемелердің барлық түрлерін оңтайландыру үшін қорытынды нәтижелеріне баға беруге болады. Атап айтсақ, архив құжаттарының ерекшелігі мен маңыздылығы үшін ғана емес, маңызды мекеме ретінде талданады.

Кілт сөздер: Италия архивтері, Неаполь архиві, құжаттар, дипломатиялық мұрағат, Флоренция архиві, Милан архиві, провинциялық мұрағат.

ULUSLARARASI
TÜRK DÜNYASI
ARAŞTIRMALARI
DERGİSİ
INTERNATIONAL
JOURNAL OF
TURKISH WORLD
STUDIES
CİLT 4 / SAYI 2 /
NİSAN 2021

Sorumlu Yazar
Corresponding Author
Гулжан БЕДЕЛОВА
Мадина СПАНОВА
gulzhanbedelova@gmail.com
spanovamadinab@gmail.com

Gönderim Tarihi
Received
17.03.2021

Kabul Tarihi
Accepted
29.03.2021

Atf
БЕДЕЛОВА,
Гулжан,
СПАНОВА, Мадина
(2021). “Италияның
Бірігуіне Дейінгі
Итальяндық
Мемлекеттердегі
Архив Ісі”, *Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi*,
(4/2), 99 - 106.

ARAŞTIRMA MAKALESİ
RESEARCH ARTICLE

ARCHIVAL CASE BEFORE ITALIAN UNITY

Abstract

The article examines the history of the formation and development of archives in Italy. We are talking about the formation, development and transition to a new level of archival work before the joining of Italy to one state. Components of archiving, collection, storage, cataloging, fundraising, document optimization, etc. about the work done. It describes the difficulties and backwardness of archives in the period before the unification of Italy. In addition, the article examines the functions, tasks, goals and roles of archive management prior to the unification of Italy. In this way, the end results can be evaluated to optimize all types of archival institutions. In particular, archival documents are analyzed not only in terms of their specificity and importance, but also as an important institution.

Key words: Italian archives, archives of Naples, documents, diplomatic archives, archives of Florence, archives of Milan, provincial archives.

Кіріспе

Италия бір мемлекетке қосылғанға дейін мұрағат ісі жеке итальяндық мемлекеттерде дербес дамыды. Бірақ бұл даму және қалыптасқан мұрағат жүйесі жалпы мұрағат реформасын жүргізуге үлкен әсер етті. Италияның саяси бытыраңқылығы арқасында мұрағат ісі әр мемлекетте қатар дамыды. Алайда саяси және мәдени дамудың жалпы тарихи жағдайлары Мұрағат жағдайындағы және оларды ұйымдастыру жөніндегі шаралардағы көптеген ұқсас сипаттарға негізделген. XVIII ғ. аяғында көптеген итальяндық мемлекеттерде ұқсас сурет пайда болды. Саяси сипаттағы құжаттама, соның ішінде дипломатиялық, әулет және т.б. құжаттар едәуір дәрежеде патшалар, герцогтар және саяси биліктің басқа да тасымалдаушылары мұрағаттарында шоғырланған. Екінші жағынан, кейбір мемлекеттерде жойылған мекемелер мен ескі әулеттерден қалған көне материалдар жиналған тарихи мұрағаттар құрылды. Мұндай мұрағат Неапольде болды, онда ол 1540 жылы құрылған және анжуй және Арагон әулеттерінің құжаттарын сақтаған. Осы тарихи жиналыстардың кейбіреулері коллекциялар сипатында болды және әртүрлі

текті жеке грамоталар мен құжаттарды қамтыды; бұл Флоренциядағы "Дипломатиялық мұрағат" және Миландағы "Дипломатиялық мұражай" болды. Барлық аталған санаттардың мұрағаттары XVIII ғ. дәстүрлер рухында ғылыми өңдеуге ұшыраған, яғни құжаттар пәндік немесе номиналдық белгілері бойынша топтар бойынша, кейде сыртқы белгілері бойынша бөлінді. Бұл мұрағаттар (сондай-ақ кітапханалар) дипломатика мен палеографияны зерттеу үшін, тарихи жарияланымдар үшін қолданылған. Алайда, сол кезде көбінесе ескерткіштер, эпистолярлық материал және сол сияқтылар жарияланды, акт материалы өте аз мөлшерде ғана жарияланды.

Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын Италия мұрағат қорлары мен ресми сайттардағы жарияланған мақалалар құрайды. Бұл мақаланың мақсаты – Италияның бірігуіне дейінгі итальяндық архивтердің жағдайын, қызметін, жетістіктері мен кемшіліктерін зерттеу.

Әр мемлекетте мұрағаттардың басқа да санаттары болды, олардың арасында әсіресе жұмыс істеп тұрған мекемелердің мұрағаттары, өте ежелгі материалдарды сақтаған қалалық мұрағаттар маңызды; көптеген қалалық мұрағаттарда бұрынғы республика-қалаларының тіркеушілері сақталған, бірақ олардың сыртқы саяси құжаттары әдетте монархтардың саяси мұрағаттарына алынған; көптеген және өте көне шіркеу мұрағаттары, ақырында, кейде аристократиялық тұқымдастардың өте бай тектік мұрағаттары, университеттер, госпитальдық мекемелер мұрағаттары және т.б. болды. Осы мұрағаттардың барлығы бытыраңқы болды және өз иелері мен тиісті мекемелердің билігінде болды.

Италияның бірігуіне дейінгі архивтердің қызметін, жай-күйін зерттеген итальяндық зерттеушілер болды. Олардың қатарына: Бенедетти А., Брунетти Д., Бонфлио-Досио Дж., Кантуэлл Д. Д., жатқызуға болады.

XIX ғ. саяси құрылыстағы өзгерістер, кейбір мемлекеттерде жеке буржуазиялық реформаларды жүргізу және тарих ғылымының дамуы мұрағат ісіндегі жаңа өзгерістерге алып келді. Олар құжаттық материалдардың

жаңа топтарын шоғырландырудан, мемлекеттік мұрағаттарды құрудан, құжаттарды ұйымдастырудың және сипаттаудың жаңа әдістерін енгізуден және олардың, ең алдымен актілік материалға қатысты ғылыми қолдануының өсуінен тұрды.

1818 ж. архивтер туралы арнайы заң шығарылды, ол бойынша Сицилий үшін ерекше екі орган құрылды - Неапольде және Палермо мен провинциялық мұрағаттарға екі орталық мұрағат бағынатын архивтердің суперинтенданттығы. Осылайша, Неаполитан Корольдігінде мұрағаттық реформа жүргізілді, сонымен бірге орталық және провинциялық мұрағаттардың жалпы желісіне біріктіру осы жерде Франция мен Бельгияға қарағанда бұрын жасалды. 1845 жылы Неаполитан мемлекеттік мұрағаты Капуано құлыптарында ежелгі мұрағатпен біріктірілді. Нәтижесінде Еуропаның ең бай мұрағаттарының бірі қалыптасты, ол бірнеше жүзжылдықтардың өз материалдарымен қамтып, орта ғасырлардағы Италия мен басқа елдердің тарихы үшін, әсіресе, Жерорта теңізіндегі халықаралық саясат пен сауда тарихы үшін ерекше құнды болып табылады. Мұрағаттың ең көне материалдарының ішінде II Гогенштауфеннің Фридрих уақытынан сақталған құжаттар, әсіресе көне сақталған тіркеушілердің бірі - Анжу әулетінің тіркеушісі болып табылады (Старостин, 1997: 332).

Мұрағат жеткілікті білікті кадрларға ие болған жоқ, тізімдемелер мен каталогтар нашар жағдайда болды, құжаттар тарихшы ретінде нашар қолданылды.

Жаңа мұрағаттанудың дамуына байланысты 17 ғасырдың ортасында мұрағаттарды ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жаңа сипатқа ие болды. Сол кездегі ең ірі итальяндық мұрағатшы Франческо Бонанини (1806-1874) бұл жерде өте үлкен маңызға ие болды. Ол жаңа мұрағатшылар мектебінің өкілі болды.

1815 жылы Венецияда үлкен мемлекеттік мұрағат құрылды, оған Венециандық мекемелердің материалдары жиналды. Олар 3 секцияға бөлінді - саяси, заңдық және доманиалдық, сонымен қатар осы топтардың ішінде істер мекемелер бойынша сақталды (Тельчаров, 2005: 160).

I дүниежүзілік соғыстан кейін Италияда мемлекеттік архивтер желісінің өзгеруі болды: Австриядан Италияға кеткен және Далматин жағалауында басып алған аумақтарда жергілікті мемлекеттік мұрағаттар құрылды; олар Триест, Триент, Больцано, Фиум (Риеке) және Заре (Задаре) қалаларында құрылды. Мемлекеттік мұрағаттардың бұрынғы қалған желісінде қалды және ішкі істер министрлігі жүйесіндегі мұрағат бюросына бағынады. 1874 жылы мұрағат реформасы Италияны мұрағат ісін орталықтандырудың салыстырмалы жоғары дәрежесі бар бірқатар мемлекеттерге жеткізді, бірақ сол кезде де бұл орталықтандыру басқа буржуазиялық мемлекеттердегі сияқты, тәуелсіз және толық емес болды (Прозорова, 2013: 302-303). Бірақ уақыт өте келе құрылған мемлекеттік мұрағаттар жүйесінің кемшіліктері анықтала бастады; заңдармен түзетілмеген бұл кемшіліктер Италияның орталық және жергілікті мекемелерінде материалдардың жинақталуына қарай көбірек сезілді, бұрынғы итальяндық мемлекеттердің бас қалаларында мемлекеттік мұрағаттар мен Италияның оңтүстігінде (Неаполитан корольдігі аумағында) бірнеше провинциялық мемлекеттік мұрағаттар біріктірілгеннен кейін пайда болған Италия біріктірілгенге дейінгі кезеңдегі негізгі материалдарды өзіне қосты. Бірақ бұл желі жаңа уақыттағы жергілікті мекемелердің материалдарын ұйымдастыруды көздеген жоқ (Мосягина, 1996: 36). Мұндай материалдар провинциялық тіркеушілерде - ғылыми ұйым болмаған және зерттеушілерге қол жетпейтін мемлекеттік мұрағаттар желісінен жыртылған префектуралардың қарауындағы провинциялық әкімшіліктің құжаттары үшін жалпы мұрағаттарда шоғырлана бастады. Осылайша, жергілікті жерлерде ескі және жаңа уақыттың материалдары арасындағы алшақтық анықталды. Содан кейін жалпы қадағалаудан және басшылықтан айырылған көптеген қалалық мұрағаттар (Италияда олардың көпшілігі өте үлкен ежелгі құжаттарды сақтайды) және итальян мұрағатшыларының оларды мемлекеттік мұрағаттарға қосу қажеттілігі туралы пікірлеріне қарамастан нотариалды

болып шықты. Италияндық Мұрағат жүйесінің негізгі ұйымдастырушылық кемшіліктері осындай болды.

Мемлекеттік мұрағаттарды ішкі ұйымдастыру, мұрағатшылардың ғылыми және техникалық міндеттерін орындауда әдіс-тәсілдер мен әдістер үшін төтенше таңбалар, беделді және күшті әдістемелік және басқарушы орталықтың, сондай-ақ мұрағатшыларды кәсіби даярлаудың бірыңғай жүйесінің болмауы тән болды. Мемлекеттік мұрағаттың шенеунігі лауазымына түсу үшін кандидат орта ғасырлық құжаттармен жұмыс істеу саласында өте күрделі талаптарды, Италияның орта ғасырлық мекемелерінің тарихын білуді, сонымен қатар мұрағат ісі мен жаңа заман құжаттарымен жұмыс істеу дағдысын жақсы білуді қамтамасыз етпеген мемлекеттік емтихан тапсыруға тиіс болатын (Бертини, 2008:12). Мұндай емтиханға дайындық үшін дипломатика, мұрағатшы палеография курстары қызмет етті. Сонымен қатар, жекелеген мемлекеттік мұрағаттар "мектептерде" қызметкерлерді өздері дайындады, олар тағылымдаманың бір түрі болып табылады, онда лауазымға үміткер (жоғары білімі бар) осы мұрағаттың тар бейініне қатысты білім мен дағды алған. Мұндай дайындық жүйесі жұмыс әдістерінде әр түрлі болып бекітілді.

Қорытынды

Соғыстан кейінгі кезеңде, билікті Муссолинді басып алғаннан кейін, басқа мемлекеттік мекемелерде сияқты мұрағаттарда фашизация үдерісі жүріп жатты. Ғылыми қызмет орнына фашистік мемлекет пен фашистік партия ұйымдарының тыңшылық сипатындағы қажетті мәліметтермен қызмет көрсету бойынша міндеттер, фашистік идеология алқаптарында тарихты бұрмалау міндеттері қойылды. 1934ж. мұрағаттық кеңес (кеңес беруші орган, бірақ өз құрамында мұрағат ісінің білгірлері жетіспеуіне байланысты маңызды рөлді ойнамаған), бірақ Муссолини қоршауынан фашист тағайындалған "Мұрағат комиссары" лауазымы құрылды (Каруччи, 2008: 26). Жеке құрам мұрағаттар, шенеуніктердің талап етілетін енді бірінші кезекте екендігін " тұрғысынан фашистік биліктің

ант міндеттемесі жоқ кіруге, "тыйым салынған" партиясының және ұйымдастыруда қаңтардағы өзгерістер орын алуда. Сонымен қатар, фашистік мемлекеттегі мәдени мұқтаждықтарға несиелердің шектен шығуының нәтижесінде жаңа жаулап алу соғысын дайындауға орасан зор қаражат лақтырып, бюджеттер, демек, архивтер штаттары да аз болды, сондықтан мұрағат анықтамалық жұмысты орындауға әрең үлгерген. Осыған байланысты мұрағат жұмысының ғылыми деңгейі күрт төмендеді, сипаттама жұмыстары бүктелді. Фашизм жылдары итальяндық мұрағат тарихында ауыр кезең болды. Алайда, итальяндық фашистер гитлерлік Германиямен бірлесіп дайындаған соғыс қарсаңында, фашистік үкімет мұрағаттарды орталықтандыруды күшейтуде, оларды өз мүддесінде жедел пайдалануға мүмкіндік беретін әр түрлі санаттағы мұрағаттарға өз бақылауын нығайтуға мүдделі болды (Макушев, 1870: 332).

1939 жылы мемлекеттік мұрағаттар желісін кеңейтуді, мұрағаттық басқаруды нығайтуды, мемлекеттік емес мұрағаттарға бақылаудың кейбір нысандарын қарастыратын мұрағат ісі бойынша жаңа заң қабылданды. Бірақ Италияда басқару мен шаруашылықтың көптеген салаларының іріткі салуға тез әкелген басталған соғыс жағдайында заң іс жүзінде жүзеге асырылған жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- БЕРТИНИ, М. Б. (2008). *Что такое архив*, Рим.
- КАРУЧЧИ, Р. М., Гверчио. (2008). *Архивное пособие*, Рим: Кароччи.
- МАКУШЕВ, В. В. (1870). *Итальянские архивы и хранящиеся в них материалы для славянской истории: Флорентинский государственный архив*, Петербург: Императорской Академии наук.
- МОСЯГИНА, О. В., Емышева, Е. М. (1996). "Современные требования к формированию и оформлению дел", *Секретарское дело*. 4, 32-36.
- ПРОЗОРОВА, В.Б. (2013). "Lux in aсsano – секретные архивы Ватикана. Размышления о документальном наследии, представленном на выставке в Риме", *Вестник архивиста*. 2, 302-303.
- СТАРОСТИН, Е. В. (1997). *Зарубежное архивоведение: проблемы истории, теории и методологии*, Москва: Русский мир.
- ТЕЛЬЧАРОВ, А. Д. (2005). *Архивоведение*, Москва: Приор.

TUDAD - Cilt 4 - Sayı 2 - Nisan 2021